

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и
строительства **НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ**
ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТОПЫРАҚ АНКЕРЛЕРІН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ГРУНТОВЫХ АНКЕРОВ

ҚР НТҚ 07-01.7-2012
НТП РК 07-01.7-2012

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚР БҒМ «ҚарМТУ» РМҚК
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», РГКП «КарГТУ» МОН РК
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	V
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ	6
5 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІ ЖОБАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ .	7
5.1 Топырақтық анкерлердің қолдану ауқымы.....	7
5.2 Анкерлерді жобалауға қажетті алғашқы мағлұматтар.....	8
5.3 Анкерлеу жұмыстарын жоспарлау	8
5.4 Шектік күйлер.....	10
5.5 Жобалық жағдайлар мен әсерлер.....	10
5.6 Жобалау және құрылыс мәселелері	11
5.7 Инженерлік-геотехникалық ізденістерге қойылатын талаптар	12
6 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІ КОНСТРУКЦИЯЛАУ	14
6.1 Анкерлердің жіктелуі	14
6.2 Топырақтық анкерлердің конструкциялары	15
7 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІҢ КӨТЕРГІШТІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІН	
АНЫҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР	23
7.1 Жалпы жағдайлар	23
7.2 Топырақтық анкерлерді есептеудегі негізгі принциптер	23
7.3 Топырақтық анкерлерді есептеуге қойылатын талаптар.....	25
7.4 Анкерлерді топырақтың және тартым материалының көтергіштік қабілеттілігі бойынша есептеуге арналған нұсқаулар.....	31
8 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САЛЫНАТЫН	
ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ЖОБАЛАУҒА	
ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР	38
8.1 Жалпы жағдайлар	38
8.2 Топырақтық анкерлерді қолдану арқылы салынатын геотехникалық нысандарды жобалаудың принциптері.....	40
8.3 Топырақтық анкерлерді қолдану арқылы салынатын геотехникалық нысандардың орнықтылығын есептеуге арналған жалпы нұсқаулар.....	44
9 ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН БҰЙЫМДАРЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ	
ҚОЛДАНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	46
9.1 Жалпы жағдайлар	46
9.2 Созылмалы элемент.....	46
9.3 Анкердің басы.....	46
9.4 Қосылыс элементтері	47
9.5 Созылмалы элементтің қысылатын ұзындығы.....	47
9.6 Ұңғымадағы кергіштер мен конструктивті бөлшектер	47
9.7 Цемент ерітіндісі және қоспалар.....	48
9.8 Полимер ерітіндісі	48
9.9 Болаттан жасалған созылмалы элементтер мен кернеуленген болат бөлшектерді коррозиядан қорғау.....	49

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

9.10 Коррозиядан қорғайтын кәдімгі компоненттер мен материалдар	52
9.11 Коррозиядан қорғайтын заттарды жағу.....	54
9.12 Жүйелік сынақтар жүргізу арқылы тұрақты анкерлердің коррозиядан қорғалу снiмдiлiгiн бағалау	56
10 ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ	57
10.1 Жалпы жағдайлар	57
10.2 Анкерлердің жасалуы мен орнатылуының сапасын қадағалау.....	57
10.3 Топырақтық анкерлерді қолдану арқылы салынатын геотехникалық нысандардың тәртібін анықтауға арналған мониторинг.....	58
А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Топырақтық анкерлерді есептеуге және конструкциялауға арналған мысалдар	60

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құралда қойылған мәселелерді әмбебап технологиялар мен жабдықтардың стандартты құрамын қолданып, кешенді түрде шешуге мүмкіндік беретін инъекциялық әдістермен орнатылатын топырақтық анкерлерді есептеудің, жобалаудың және геотехникалық бақылаудың негізгі ережелері баяндалады. Құралдың кейбір ережелері топырақтық анкерлерді жобалау тәжірибесінде жиі кездесетін мәселелерге қатысты есептеулерге арналған мысалдармен қамтамасыз етілген.

Құралды құрастыру барысында құрылыстың қарастырылып отырған саласының зманауи деңгейін және даму бағытын айқындайтын әдістемелік-ғылыми еңбектер және нормативтік әдебиеттер пайдаланылды.

Нормативтік-техникалық құралдың талаптарын орындау топырақтық анкерлерді қолдану арқылы салынатын геотехникалық нысандардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Құралдың қоятын талаптары түрлі геотехникалық нысандарды салғанда пайдалынатын анкерлердің есептеу мен жобалау принциптеріне, орнатылатын топырақтарын зерттеу әдістеріне, материалдарына, конструктивтік шешімдеріне, бақылауы мен мониторингіне арналған.

Осы құрал Еурокодтарға және қолданыстағы ұлттық нормативтік құжаттарға сәйкестендіріліп құрастырылған және оларды толықтырады, кейбір есептеуге, жобалауға, геотехникалық іздестірулерге, құрылыс материалдарына, бақылауы мен мониторингіне қойылатын негізгі талаптарын айқындайды.

Нормативтік-техникалық құрал түрлі ғимараттар мен имараттарды салғанда және жаңғыртқанда қолданылатын топырақтық анкерлерді жобалауға арналған практикалық құрал ретінде құрастырылған.

Осы құрал қолданысқа ерікті пайдалану негізінде Қазақстан Республикасының нормативті құжаты ретінде енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ
ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ТОПЫРАҚ АНКЕРЛЕРІН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ГРУНТОВЫХ АНКЕРОВ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Нормативтік-техникалық құрал геотехникалық бөлігі ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011, ҚР ҚН EN 1997-2: 2007/2011, EN 1537:1999 талаптарына сәйкес ғимараттар мен имараттарды салғанда қолданылатын уақытша және тұрақты анкерлерді жобалауға арналған. Құралда созылуға жұмыс жасайтын қада тәрізді конструкцияны анкермен бекітуді, бұрғыланып жасалған қаданы, механикалық анкерлік бекітпелерді, топырақ қазықтарды, топырақтарды нагельдермен бекітуді, анкерлік ашылма втулкаларды немесе анкерлік қабырғалы созылатын элементтерді жобалау мәселелері қарастырылмайды. Нормалар сейсмикалық әсерлер жағдайларында пайдаланылатын және сазды осал, ісіңгіш, шөкпе, органикалық-минералды, органикалық топырақтарда орнатылатын топырақтық анкерлерді жобалауға қатысты емес.

Осы нормалардың талаптарын орындау ғимараттар мен имараттарды салғанда қолданылатын уақытша және тұрақты анкерлерді қолдану ауқымына сәйкес жобалағанда мемлекеттік басқару, бақылау және экспертиза, жергілікті және аймақтық өзінөзі басқару органдары, мекемелер, меншік түрлеріне және салалық бақыныштылығына тәуелді емес мекемелер мен ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті деп саналады.

Нормативтік-техникалық құрал түрлі ғимараттар мен имараттарды салғанда қолданылатын топырақтық анкерлерді жобалауға арналған практикалық құрал ретінде ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011, EN 1537:1999 нормаларын дамыту арқылы және қолданыстағы ұлттық нормативтік құжаттарға сәйкестендіріліп құрастырылған және оларды толықтырады, кейбір есептеуге, жобалауға, геотехникалық іздестірулерге, құрылыс материалдарына, бақылауы мен мониторингіне қойылатын негізгі талаптарын айқындайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Құралды қолдану кезінде келесі сілтемелі құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтеу құжатының тек берілген шығарылымын, ал күні көрсетілмеген сілтемелер үшін соңғы шығарылымдарды қолдану керек.

Ресми басылым

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен.

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 «Болат темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен.

ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 «Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер» Ұлттық қосымшасымен.

ҚР ҚН EN 1997-2: 2007/2011 «Геотехникалық жобалау. 2-бөлім. Топырақты зерттеу және сынау» Ұлттық қосымшасымен.

EN 1537:1999 Арнайы геотехникалық жұмыстарды орындау. Топырақтық анкерлер.

EN 206* Бетон. Сапаны сипаттау, дайындау, өндеу және нақтылау.

EN 445* Кернеуленген арматура элементтері үшін құрылыс ертіндісі. Сынау әдістері.

EN 446* Кернеуленген арматура элементтері үшін құрылыс ертіндісі. Пресстеу әдістері.

EN 447* Кернеуленген арматура элементтері үшін құрылыс ертіндісі. Пресстеуге арналған кәдімгі құрылыс ертіндісіне қойылатын талаптар.

EN 10138* Кернеуленетін болаттар.

Ескертпе - Осы Құралды пайдалануда сілтеме стандарттары мен классификаторларын жыл сайынғы шығарылым мәліметтік нұсқаулықтарына «Стандартизация бойынша нормативті құжаттар» сәйкес тексеріп отырған жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, сол ауыстырылған (өзгертілген) құжатпен қолдану керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылып кетсе, онда сілтеу көрсетілген жағдай ғана қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Топырақтық анкер (ground anchor): Қатайып тұрған геотехникалық нысанға түсетін созылмалы күштің топырақ массивіне беруге арналған құрылғы. Анкер үш негізгі құрамды элементтерден тұрады: басынан, анкерлік тартымынан және түбірінен (тамырынан). Типті топырақтық анкер 1-суретте кескінделген.

3.2 Тұрақты анкер (permanent anchor): Қызмет ету жобалық мерзімі екі жылдан астам анкер.

Ескертпе - EN 1537:1999 сәйкес анықтау.

3.3 Уақытша анкер (temporary anchor): Қызмет ету жобалық мерзімі екі жылдан аз анкер.

Ескертпе - EN 1537:1999 сәйкес анықтау.

3.4 Анкердің басы (anchor head): Қатайып тұрған геотехникалық нысанға түсетін созылмалы күшті анкерлік тартымға беретін анкердің құрамды элементі. Анкердің басы созылмалы күшті геотехникалық нысанға түсіретін тірек тақтадан және тартымнан

туындаған созылмалы күшті тірек тақтаға беретін қатайтатан элементтерден тұрады (гайка, шайба, тірек тақта, колодка және конус).

3.5 Стерженнің есептік бос ұзындығы (rod calculated free length): Анкердің толық ұзындығы.

3.6 Анкердің ұшы (түбірі) (embedding (root)): Созылмалы күшті тартымнан топырақ массивіне беретін қатайған инъецирленген материалдан тұратын анкердің құрамды элементі.

3.7 Анкерлік тартым (anchor rod): Созылмалы күшті ұзындығы бойынша басына беретін анкердің созылмалы элементі.

3.8 Анкерлік тартымның қысылу ұзындығы (anchor rod clamping length): Созылмалы күш қатайған материалға берілетін, тартым ұзындығының бір бөлігі болып саналатын алдын-ала кернеуленген тартымның ұзындығы.

Ескертпе - EN 1537:1999 сәйкес анықтау.

3.9 Анкерлік тартымның бос ұзындығы (anchor rod free length): Қоршаған топырақтан немесе ертіндіден бөлектенген және қатайған тартым басы мен жақын орналасқан анкердің түбірінің ұзындығы арасында жатқан алдын-ала кернеуленген тартым ұзындығының бір бөлігі.


Ескертпе - EN 1537:1999 сәйкес анықтау.

3.10 Анкердің бос ұзындығы (anchor free length): Қатайған тартым басы мен жақын орналасқан анкердің түбірінің ұзындығы арасында жатқан анкердің ұзындығының бір бөлігі.

3.11 Анкерлік тартымның эффективті бос ұзындығы (anchor rod affective free length): Қатайған тартым басының астыңғы нүктесімен жабылған шартты нүкте арасындағы тартым ұзындығының бір бөлігі.

3.12 Жүктеме берілетін ұзындық (loading length): Анкер ұшының қатайған материалы арқылы жүктеме қоршаған топыраққа берілетін анкер түбірінің ұзындығы болып табылады.

3.13 Манжеттік құбыр (lip-type tube): Резеңкелі клапан-манжеттермен жабылған, пакермен қамтылуы мүмкін құбыр.



1 – арматураны тарту кезіндегі домкраттағы қатайту нүктесі; 2 – жұмыс кезіндегі анкер басын қатайту нүктесі; 3 – анкердің басы; 4 – тірек тақта; 5 – құрылыстық бөлшек; 6 – топырақ/тасты жыныс; 7 – ұңғыма; 8 – қоршағыш құбыр; 9 – созымалы элемент (тартым); 10 – анкердің түбірі (тамыр).

**1-сурет – Жерге еңгізілген анкер схемасы
(анкер басының бөлшектерісіз және қоршауысыз)**

3.14 **Пакер** (racker): Анкердің түбірін инжецирлеген кездегі ұңғымадан қатайтын ертіндінің ағып кетпеуіне әсер ететін созымалы камера түріндегі нығыздаушы құрылғы.

3.15 **Инъекциялы құбыр** (injection tube): Анкер түбірін қатайтатын ертінді беруге арналған құрылғы.

3.16 **Екі тампонды инжектор** (double-tampon injector): Анкер түбірін манжеттік құбырды жабу арқылы инжецирлейтін құрылғы.

3.17 **Қаптама** (socket sleeve): Манжеттік құбыр мен ұңғыма қабырғалары арасындағы қатайған тампонажды ертінді.

3.18 **Құлып** (lock): Тартымнан түбірге берілетін созымалы күшті қамтамассыз ететін құрылғы.

3.19 **Тірек құбыр** (thrust tube): Қысуға жұмыс істейтін, құлыптан қатайған түбірдің материалына берілетін созымалы күшті қабылдауға арналған болаттан жасалған құбыр.

3.20 **Оқшаулағыш қабықша** (insulating enclosure): Қаптама мен түбірді тартымнан ажырататын пластикті құбыр.

3.21 **Өкше** (toe): Сығылу күштерді түбірге беруге арналған тартымның астыңғы бөлігінде орналасқан құрылғы.

3.22 **Фиксатор** (fixing lug): Ұңғыманың ортасына анкерді дұрыс орнатуға арналған құрылғы.

3.23 **Ажыратқыш** (spacer): Қоршау жапсарына, манжеттік құбырда немесе құлыпты құбырда тартымды дұрыс орнатуға арналған құрылғы.

3.24 Қабылдау сынақтары (reception test): Әрбір анкер жобаның техникалық жағдайын қаңағаттандыратының білу мақсатында жүк салу арқылы бір орында жүргізілетін сынақтар.

3.25 Зерттеу сынақтары (investigation test): Анкерге түсетін шектік күйлерді анықтау үшін жүргізілетін сынақтар.

Ескертпе - EN 1537:1999 сәйкес анықтау.

3.26 Пайдалану жарамдылығын сынау (service ability test): Әрбір анкер конструкциясы нақты топырақ жағдайына сәйкес келетінің білу мақсатында жүк салу арқылы бір орында жүргізілетін сынақтар.

Ескертпе - EN 1537:1999 сәйкес анықтау.

3.27 Жүйелік сынақтар (systems test): Анкерлік жүйеге жүргізілетін сынақтар, олар қойылған талаптар бойынша анкердің көтергіштік қабілеттілігін анықтауға арналған.

3.28 Ұңғыма диаметрі (borehole diameter): Бұрғылау немесе алып-салмалы құбырдың диаметрі.

3.29 Тұндыру өлшемі (scantling): Тұру әдісі бойынша су мен цементті ажырату.

3.30 Салымшының техникалық өкілі (developer's technical representative): Анкерлердің қолданылуы бойынша барлық аспектілермен таныс және геотехникалық нысанға топырақтық анкерлерді орнату техникасы бойынша маман.

3.31 Сығымдауға арналған ерітінді (concrete grout): Түбірдің қатайтын материалы, ол созылмалы элемент күшін қоршаған топыраққа береді, сонымен қатар ұңғымадағы бос орынды толтырып, анкерді коррозиядан қорғайды.

3.32 Коррозияға қарсы қабықша (corrosion-inhibiting enclosure): Созылмалы элементтің ұзындығы бойынша орнатылған коррозиядан қорғанышы.

3.33 Жалғау элементтері (coupling member): Анкерлі созылмалы элементті құрайтын бөлшектерді жалғайтын құрылғылар.

3.34 Анкерді тартуға кедергілік (anchor elongation resistance): Топырақ пен қатайған түбірдің материалы арасындағы анкердің кедергісі.

3.35 Анкердің сипаттамалық ішкі кедергісі (anchor characteristic internal resistance): Анкердің созылмалы элементін бұзатын күш.

3.36 Шекті жылжудың шамасы (ultimate creeping): Анықталған күшке арналған жылжу шамасының белгіленген мәні.

3.37 Кризистік (қатерлі) жылжу (critical creeping): Анкерлік күш, бірінші түзу сызықты тармақтың диаграммасы соңғы сызыққа сәйкес келген жағдайдағы күш.

3.38 Алдын-ала қойылатын күш (initial load): Анкерлік күш, жүкті қою сынақтары кезінде анкердің басы өлшенеді.

3.39 Күштің шекті түсуі (force utmost dropping): Бақылаудың соңында орындалатын күштің жалпы түсуі.

3.40 Қойылатын күш (setup force): Созудан кейін анкер басына қойылатын күш.

3.41 Сынақ күші (test force): Анкерге сынақ кезінде қойылатын күш.

4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

4.1 Ұсынылып отырған Құралда ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 және EN 1537:1999 қолданылған келесі белгілеулер қолданылады:

A_t – созылмалы элемент қимасының ауданы;

E_d – ісерлер нәтижесінің жобалық шамасы;

$E_{dst;d}$ – тұрақтанатын әсерлер нәтижесінің жобалық шамасы;

$E_{stb;d}$ – тұрақтанған әсерлер нәтижесінің жобалық шамасы;

E_t – созылмалы элементтің серпімділік модулі;

f – үйкеліске жоғалуы, P_p пайыздық үлесімен айқындалады;

f_{tk} – созылмалы элементтің созылуының беріктік сипаттамалары;

$f_{t0,1k}$ – созылмалы элемент стреженінің 0,1% қалдық созылуының сипаттамалық кернеуі;

f_r – қаңқалы немесе профилирленген сымның салыстырмалы ауданы;

k_s – жылжымалық шамасы;

k_l – күштің түсу шамасы;

L_{app} – стерженнің есептік бос ұзындығы;

L_e – анкер басындағы созылмалы элемент нүктесімен арматура тартылған домкрат нүктесі арасындағы созылмалы элементтің ұзындығы;

L_{fixed} – күш түсетін ұзындық;

L_{free} – анкердің бос ұзындығы;

L_{lb} – созылмалы элементтің бос ұзындығы;

L_{tf} – стерженнің бос ұзындығы;

P – анкерлік күш;

P_a – алдын-ала қойылған жүк;

P_c – жылжымалық шекті күші;

P_c' – жылжымалық шекті күштің шамалы мәні;

P_0 – орнатылатын күш;

P_p – сынайтын күш;

P_{tk} – созылмалы элементтің сипаттамалық бұзушы күші;

$P_{t0,1k}$ – созылмалы элемент стреженінің 0,1% қалдық созылуының сипаттамалық кернеуінің жіберілетін жүктемесі;

- R_a – анкерді тартудың сыртқы кедергісі;
 R_{ak} – анкерді тартудың сипаттамалық сыртқы кедергісі;
 R_{ik} – анкерді тартудың сипаттамалық ішкі кедергісі;
 R_d – анкер кедергісінің есептік мәні;
 R_k – анкердің ішкі кедергісі мен анкерді тарту кедергісінің ең төмен сипаттамалық мәні;
 s – анкер басының жылжуы;
 t – бірінші немесе орнатылған күшті салудағы бақылау уақыты;
 α – логарифмдік уақыттың аяғы бойынша жылжымалықтың қисық сызығына сәйкес анықталатын жылжымалықтың ең үлкен мәні;
 ΔP – сынау күші мен анкерді алдын-ала жүктеу арасындағы күштердің айырмашылығы;
 Δs – ΔP күштерінің айырмашылығы бойынша созылмалы элементтің өлшенген кеңеюі;
 γ_a – анкерлерге арналған жеке коэффициент;
 $\gamma_{a;p}$ – тұрақты анкерлерге арналған жеке коэффициент;
 $\gamma_{a;t}$ – уақытша анкерлерге арналған жеке коэффициент;
 γ_q – анкердің күштік коэффициенті;
 γ_R – анкер кедергісінің жеке коэффициенті.
- 4.2 Геотехникалық есептеулер үшін келесі өлшемдер қолданылуға ұсынылады:
- күш – кН;
 - масса – кг;
 - момент – кНм;
 - массалық тығыздық – кг/м³;
 - салмақтық тығыздық – кН/м³;
 - кернеу, қысым, беріктік және қаттылық (деформация модулі) – кПа;
 - сүзілу коэффициенті – м/с;
 - консолидация коэффициенті – м²/с.

5 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІ ЖОБАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

5.1 Топырақтық анкерлердің қолдану ауқымы

5.1.1 Осы Құралда құрылым тәжірибесінде қолданылатын анкерлік техниканың орнатылуы мен жобалануы бойынша негізгі принциптер қарастырылған. Егер анкерлік жүйелер мәтінде сипатталған негізгі принциптерден ауытқыса, онда олардың қолданылуы тек салымшының техникалық өкілінің жазбаша рұқсатымен ғана жүргізілуі мүмкін.

5.1.2 Осы бөлімнің мазмұны уақытша және тұрақты анкерлерді жобалауға қатысты болып келеді, олар келесі жағдайлар үшін қолданылады:

а) іргелі ғимараттарды ұстау үшін;
б) қазаншұңқырлар немесе тоннельдер төзімділігін қамтамассыз ету үшін;
в) көтергіштік топырақ немесе тасты массивке түсетін созылмалы күшті беру арқылы құрылысты көтеру үшін.

5.1.3 Осы бөлімнің мазмұны келесі жағдайларды сипаттайды:

а) сұйық құрылыс ертіндісі көмегімен топырақ массивіне қатайған басы мен тартымынан тұратын алдын-ала кернеуленген анкерлерді;

б) тартымнан тұратын арматура түріндегі кернеуленбеген анкерлерді, мысалы сұйық құрылыс ертіндісі, винттер немесе анкерлі болттар көмегімен топырақ массивіне қатайған қатты анкерлерді.

5.1.4 Бұл бөлімді топырақтарды нагельдермен қатайтуды қолдануға болмайды.

5.1.5 7 бөлім тартымға жұмыс істейтін қадалы анкерлік жүйелерді жобалау үшін қолданылады.

5.1.6 Топырақтық анкерлерді әртүрлі топырақтар үшін қолдануға болады, тек әлсіз сазды, ісінген, шөкпелі, органо-минералды және органикалық топырақтарға қолдануға болмайды.

5.2 Анкерлерді жобалауға қажетті алғашқы мағлұматтар

5.2.1 Топырақтық анкерлерді жобалау кезінде техникалық негізделген шешім қабылдау үшін келесі мәліметтер қажет:

а) жобаланатын ғимараттың контуры мен коммуникациялары, оған жақын орналасқан имараттар мен ғимараттар, сонымен бірге барлық белгілер көрсетілген алаңның бас жоспары;

б) жобаланатын ғимараттың габариты, қолданылуы, классы және пайдалану жүктері;

в) жақын орналасқан ғимараттардың көтергіштік конструкциялары мен іргетастардың конструкциясы және оларға түсетін жүтемелер;

г) барлық топырақ қабаттарының қуаттылығы мен еңістерін, олардағы қоспаларды көрсететін геологиялық қимасы бар құрылыс алаңының геотехникалық іздестіруі бойынша есеп;

д) құрылыс алаңындағы топырақтардың физикалық-механикалық сипаттамалары; топырақ суларының мерзімдік деңгейлерінің ауытқулары; жер асты суларының агрессивтік дәрежесі, ғимаратты пайдалану кезіндегі топырақтардың тоңдануын бағалау болжаулары.

5.3 Анкерлеу жұмыстарын жоспарлау

5.3.1 Топырақтық анкерлерді орнату және жобалау бойынша жұмыстарды тиімді жоспарлау үшін геотехникалық жоба мазмұның, құрылыс жұмыстарының түрлері мен көлемін, жерге орнататын анкерлердің конструктивтік талаптарын және топырақ қасиеттерінің геотехникалық ерекшеліктерін сараптау қажет.

5.3.2 Анкерді сынау және оның өлшемдерін нақтылау топырақтық анкерлерді тиімді пайдалану үшін қажет болып саналады.

5.3.3 Жерге орнататын анкерлерді жоспарлаған, орындаған, сынаған және қызмет көрсеткен барлық қызметкерлер үшін жауапкершілік қою керек. Үлгі ретінде 5.1 кестесін қолдануға болады, онда жұмыс істеу барысына сәйкес қызметкерлер жауапкершіліктері көрсетілген.

Кесте 5.1 – Топырақтық анкерлерді орнату бойынша жұмыстарды жоспарлау

Жоба және жоспарлау	Орындалуы
1. Жерге орнатылатын анкерлерді дайындау үшін құрылыс топырағын зерттеу нәтижелерін бағалау 2. Сынауы сынақ жүргізуді және техникалық тапсырма құруды қажет ететін жерге орнатылатын анкерлерді қолдану шешімі 3. Көршілес жер алаңдарын қолдануға болатын рұқсат қағазы 4. Құрылыс конструкциясының жалпы есебі, қажетті анкер күшін есептеу, қауіпсіздік факторларын анықтау 5. Анкерлердің қызмет ету уақытын анықтау (уақытша немесе тұрақты анкерлер) және коррозиядан қорғау талаптары 6. Анкерлер арасындағы арақашықтықты, бағытты, жалпы төзімділікті анықтау 7. Құрылыс конструкциясы мен құрылыс конструкциясының төзімділігін арттыратын күш қойылған ұзындықтың ең төмен арақашықтығын анықтау 8. Құрылыс конструкциясына анкерден берілетін жүкті анықтау 9. Құрылыс конструкциясына анкерден түсетін жүктің тізбектілігін орнату 10. Анкерлерді бақылау әдістерін анықтау және нәтижелерді бағалау 11. Жұмыстардың орындалуын бақылау 12. Жерге орнатылатын анкерлердің техникалық қызмет көрсетуін анықтау 13. Барлық орындаушыларды жоба бойынша мәліметтермен таныстыру	1. Жоба бойынша құрылыс топырағының мәндерін бағалау 2. Жерге орнатылатын анкер түрін, ондағы бөлшектерді тандау 3. Анкер өлшемдерін тандау 4. Жерге орнатылатын анкерлер үшін коррозиядан қорғау шараларын анықтау 5. Жерге орнатылатын анкерлерді жеткізу және орнату 6. Жерге орнатылатын анкерлердің жеткізілуі мен орнатылуын бақылау 7. Сапаны бақылау 8. Анкерлерді сынақтан өткізу және бағалау 9. Құрылыста анкерлерді сынақтан өткізу жұмыстарын бағалау 10. Инструкцияға сәйкес жерге орнатылатын анкерлердің қызмет көрсетуі

5.3.4 Жоспарлау және тұрғызу жұмыстарын арттыру үшін анкерлік жұмыстарды бастамас бұрын барлық мәліметтерді жинаған жөн.

Ескертпе - Жалпы немесе жеке жоспарлар мен есептеулер салушы, не арнайы жер асты құрылысы бойынша бас орындаушы арқылы жүргізіледі.

5.3.5 Топырақтық анкерлерді бірінші рет орнату үшін келесі құжаттар қажет:

а) топырақтық анкерлерді қолданатын жоба, сонымен қатар құрылыстың бағдарламасы мен процессі;

б) құрылыс топырағының геотехникалық қасиеттерін зерттейтін есеп, онда топырақтық жағдайы зертханалық және дала жағдайында зерттелген, сипаттамасы мен классификациясы анықталған жерге орнатылатын анкерлер көрсетіледі;

в) барлық жағдайлар бойынша мәліметтер, яғни анкердің көтергіштік қабілеттілігін сипаттайтын жер асты коммуникациялары, бар іргетастар конструкциялары және де басқа жағдайлар;

г) анкер орнатылатын жердің иесі туралы мәліметтер;

д) анкер орнатылатын жерге рұқсат берілген құжаттар.

5.3.6 Алдын-ала жүргізілетін сынақтар мен жобалық жұмыстардың көлемі орындалатын құрылыс жұмыстарының, топырақтардың геотехникалық қасиеттерін анықтаудағы жұмыстардың көлемдері мен түрлеріне сәйкес болып келеді.

5.4 Шектік күйлер

5.4.1 Топырақтық анкерлер орналасқан геотехникалық нысандарды жобалау барысында жобаға келесі талаптар қойылуы керек.

5.4.2 Анкерлер жүйесіне және жеке анкерлер үшін келесі шектік күйлер қарастырылады:

а) алдын-ала кернеуленген тартымның үзілуі немесе қойылған жүктің әсерінен анкер басының бұзылу;

б) деформация немесе анкер басының коррозияға ұшырау;

в) бұрғымалы инъекциялы анкерлер үшін топырақ негізімен бірге тамырының бұзылу;

г) бұрғымалы инъекциялы анкерлер үшін алдын-ала кернеуленген болат тартым және тамырдың цементтік тасы арасындағы іліністің бұзылу;

д) қатты анкерлер үшін анкерлік стерженнің кедергісі жеткіліксіз болған жағдайда бұзылуы;

е) анкер басын оңды-солды бұрған жағдайдағы кернеудің төмендеу;

ж) анкерлік күштің әсерінен конструкциялардың үлкен деформацияларының салдарынан бұзылу;

з) топырақ негізінің жалпы төзімділігінің жоғалу;

и) анкер топтарының топырақпен байланысы.

5.5 Жобалық жағдайлар мен әсерлер

5.5.1 Топырақтық анкерлер орналасқан геотехникалық нысандар жобасына келесі талаптар қойылуы керек.

5.5.2 Жобалық жағдайларды тандау кезінде келесі жағдайларды ескеру қажет:

а) ғимаратты тұрғызудағы барлық ерекшеліктерді;

б) ғимараттың қызмет көрсету мерзіміндегі пайда болатын жағдайларды;

в) 8.2 п. аталған барлық шектік жағдайларды;

г) жер асты суларының болжамды деңгейі мен жабық пласттардағы су қысымын;

- д) қандайда болмасын анкердің бұзылу салдарын;
- е) анкерді қолдану кезінде қойылатын жүк шамасы жобалық жүк шамасынан асып кетуін.

5.5.3 Анкерге түсетін жүк P анкерлі ғимаратты жобалау барысында жағымсыз әсерлер қатарына жатқызылады.

5.6 Жобалау және құрылыс мәселелері

5.6.1 Топырақтық анкерлер орналасқан геотехникалық нысандарды жобалау кезінде келесі талаптар орындалуы керек.

5.6.2 Анкерлерді жобалау және оларды орнату жұмыстары бойынша техникалық жағдайлар барлық жағымсыз күштер әсерлерін ескеру қажет.

5.6.3 Топырақты негіз шекарасы инженерлік-геологиялық іздестіруге қосылуы тиіс.

5.6.4 Алдын-ала кернеуленген анкерлер үшін анкердің басы тартымға немесе стерженге созылуға, жүктеме салу арқылы сынауға, фиксацияға, қажет болған жағдайда қайта созуға мүмкіндік беруге тиіс.

5.6.5 Барлық анкерлердің түрлері үшін олардың бас жағындағы конструкциясы EN 1537:1999 6.3 п. сәйкес бұрыштық ауытқуларды, сонымен бірге ғимаратты пайдалану кезіндегі пайда болатын деформацияларды қабылдай алады.

5.6.6 Егер анкерлерге әртүрлі материалдар қолданса, онда олардың жобалық беріктігі деформациялардың сыйымдылығын ескеру арқылы анықталынады.

5.6.7 Анкерлік жүйе алдын-ала кернеуленген арматураның бос ұзындығына тәуелді болғандықтан, келесі жағдайлар орындалуы тиіс:

а) анкерлік күш топыраққа топырақ массивін ұстап тұра алатындай, оның жағымсыз әсерлерден төзімділігі төмендемейтіндей арақашықтықта берілуі тиіс;

б) анкерлік күш топыраққа әртүрлі жағымсыз әсерлерден арылу үшін, жатқан іргетастардан жеткілікті арақашықтықта берілуі тиіс;

в) анкер тартымдарының түбірінің жақын орналасуынан алшақ болу керек, себебі олар жағымсыз әсерлер туғызады.

5.6.8 Анкер тартымдарының түбірінің арасындағы арақашықтықты 1,5 м етіп қойған жөн.

5.6.9 Анкерлік жүйенің тек зерттеулік сынақтардан (EN 1537:1999 қара) өткен түрлерін немесе пайдалануы және беріктігі жоғары екендігі құжаттамалармен расталған болса ғана қолданған жөн.

5.6.10 Анкерлік тартымның бағыты кәдімгі жағдайда деформация кезінде алдын-ала созуды қамтамасыз ету керек. Егер нақты жағдайда бұл мүмкін болмаса, жағымсыз жағдайлар жобада ескерілуі тиіс.

5.6.11 Бұрғымалы инъекциялы және винтті анкерлер үшін тартуға кедергі $R_{a,k}$ сипаттамалық мәнін 8.7 п. көрсетілген техникалық жағдайға сәйкес сынақ нәтижелері бойынша немесе соған ұқсайтын сынақ нәтижелері арқылы анықтауға болады. Жобалық кедергіні жұмыстар орындалғаннан кейін тапсыру-қабылдау сынақтары арқылы тексеруге болады.

5.6.12 Алдын-ала кернеуленген топырақтық анкерлердің тартымының бос ұзындығының жұмысын EN 1537:1999 сәйкес тексеруге болады.

5.6.13 Қызмет ету шектік күйіне сәйкес анкер кедергісін алу үшін жеткілікті үлкен күш түсіру керек, сол кезде анкерді тасымалдау кезінде оның беріктігі көрінеді.

5.6.14 Алдын-ала кернеуленген анкерлік тартымды коррозиядан қорғау шараларын EN 1537:1999 6.9 п. сәйкес орындау қажет.

5.6.15 Алдын-ала кернеуленген болат анкерлік тартымды коррозиядан қорғау шараларын қоршаған топырақ агрессивтігіне қатысты жобалау керек.

5.6.16 Болаттан жасалған алдын-ала кернеуленген арматураны коррозиядан қорғау үшін қажетті құралдарды қолдануға болады, мысалы қоршағыш жапсарлар немесе анодирленген болаттар.

5.7 Инженерлік-геотехникалық ізденістерге қойылатын талаптар

5.7.1 Құрылыстық топырақтық анкерлік жүйенің басты бөлігіне анкердің пайдалану беріктігі байланысты, сондықтанда топырақтың механикалық қасиеттері мен пласттық сипатын анықтайтын геотехникалық зерттеу жүргізу міндетті болып саналады. Сынақ жұмыстары кезінде жеке анкерлердің істен шығуы топырақтың геотехникалық қасиеттері мен анкерді қоршаған қабаттар жағдайы бойынша мәліметтерінің дұрыс болмағандығымен түсіндіріледі. Себебі еңкейген анкерлер тік анкерлер сияқты көп қолданылады, сондықтанда қабаттар жатысын тек тік жағдайда емес еңкейген жағдайда да зерттеу керек.

5.7.2 Геотехникалық іздестірулер жобалық есептеулерге қолданылатын топырақтардың мәндік шамалары мен қасиеттерін дұрыс сипаттап, бағалау үшін топырақ негізі және алаңның жер асты сулары жағдайы бойынша барлық мәліметтермен қамту керек.

5.7.3 Геотехникалық іздестірулердің құрамы мен көлемі іздестірудің нақтыланған этапы мен геотехникалық категорияға сәйкес болуы керек. (ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011, 2 бөліміне қара).

5.7.4 Ірі және күрделі ғимараттар немесе топырақтық жағдайы қиын, сонымен бірге сейсмикалық жағдайы жоғары аймақтардағы ғимараттар үшін ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 сәйкес жобалық талаптарды орындау жеткіліксіз болуы мүмкін.

5.7.5 Егер іздестірудің сипаты мен көлемі ғимараттың геотехникалық категориясымен байланысты болса, онда геотехникалық категорияны тандауға әсер ететін топырақ жағдайын іздестіруден бұрын анықтауға болады.

5.7.6 Іздестірулер жоба бойынша тексерулерді талап етеді, бұл тексерулер құрылыс кезінде тексеріледі.

5.7.7 Жобалық іздестірулер келесі жағдайларда жүргізіледі:

- а) уақытша және тұрақты ғимараттарды жобалауға қажетті мәліметтерді алу үшін;
- б) құрылыс технологиясын жоспарлауға қажетті мәліметтерді алу үшін;
- в) құрылыс кезінде пайда болатын қандайда болмасын қиындықтарды анықтау үшін.

5.7.8 Жобалық іздестірулер топырақ негізінің қасиеттерін және олардың берік жатуын анықтау керек.

5.7.9 Ғимараттың пайдалану талаптарын орындау қабілеттілігіне әсер ететін шамалар соңғы жоба нақтыланғанға дейін орындалуы тиіс.

5.7.10 Жобалық іздестірулер топырақтың барлық қасиеттерін ескеру үшін, келесі геологиялық ерекшеліктерге көңіл бөлу қажет:

- а) геологиялық қималар;
- б) табиғи және техногенді әсерлер;
- в) тасты жыныстард, топырақтар және себінді материалдар сипаттамаларының нашарлауы;
- г) гидрогеологиялық процесстер;
- д) сынықтар, ақаулар және басқа да бұзылулар;
- е) топырақ және тасты массивтің жылжуы;
- ж) ісінгіш, шөкпелі топырақтардың және тасты жыныстардың болуы;
- з) техногенді материалдардың болуы.

5.7.11 Құрылыс алаңының тарихын ескеру қажет.

5.7.12 Іздестірулер жобаға қатысты жерде жүргізілуі тиіс.

5.7.13 Топырақ суларының деңгейі іздестірулер кезінде нақтылануы керек. Бос сулардың барлық деңгейлері жазылуы тиіс (ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 қара).

5.7.14 Топырақ сулары қысымына әсер ететін қандай да болмасын су көзі үшін судың деңгейін анықтау қажет.

5.7.15 Алаң шекарасы бойынша барлық су ұңғымаларының орынын анықтау керек.

5.7.16 Топырақ түрлері мен тау жыныстарын сипаттау келесі талаптарға сай жүргізілуі керек.

5.7.17 Тасты және тасты емес топырақтар қосындыларын сипаттау басқа сынақтар нәтижелерін интерпретациялаудың алдында анықталынуы тиіс.

5.7.18 Қабылданған номенклатураға сәйкес материал қаралуы және сипатталуы тиіс. Геологиялық бағалау орындау қажет.

5.7.19 Топырақтарды және қабаттарды қабылданған геотехникалық классификацияға, сипаттау жүйесіне сәйкес классификациялау және сипаттау керек.

5.7.20 Тасты жынысты қатты материал ретінде классификациялаған жөн. Тастың сапасын табиғи факторларға, түйіршіктерінің өлшеміне, минералдың қаттылығы мен тығыздығына сәйкес сипаттайды [8].

5.7.21 Тексеруге қосымша ретінде топырақтар мен тасты жыныстардың қасиеттерін анықтауға, оларды классификациялау, идентификациялау үшін тесттер қолданылады (ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 қара), мысалы:

топырақтар үшін:

- а) түйіршіктік құрамы;
- б) көлемдік салмағы;
- в) кеуектілігі;
- г) ылғалдылығы;
- д) бөлшектердің пішіні;
- е) бөлшектер бетінің кедір-бұдырлығы;
- ж) тығыздық көрсеткіші;
- з) аттерберг шектері;
- и) ісінгіштігі;
- к) құрамындағы корбонаттар;
- л) құрамындағы органиктер;

- м) ығысуға беріктігі, сығылғыштығы және қаттылығы;
- н) су өткізгіштігі;
- о) топырақ суларының жағдайы;
- п) топырақтың және топырақ суларының агрессивтігі;
- р) тау жыныстары үшін тоқтың болуы;
- с) минералогиялық құрамы;
- т) петрографиялық құрамы;
- у) ылғалдылығы;
- ф) меншікті салмағы;
- х) кеуектілігі;
- ц) дыбысының жылдамдығы;
- ч) суды сіңіргіштігі;
- ш) ісінуі;
- щ) сулағандағы беріктігі;
- ы) қысуға беріктігі;
- э) ығысуға беріктігі және тау жыныстарының тығыздық өлшемдері;
- ю) су өткізгіштігі;
- я) топырақ суларының жағдайы;

5.7.22 Геотехникалық мәліметтерді келесі сұрақтарды шешу үшін қолдануға болады:

- а) бұрғылау кезіндегі жағымсыз жағдайлар;
- б) бұрғылау әдісінің жарамдылығын;
- в) ұңғымаға топырақ суларының жиналуын;
- г) құрылыс топырағы нығыздалуының жоғалуы.

6 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІ КОНСТРУКЦИЯЛАУ

6.1 Анкерлердің жіктелуі

Топырақтық анкерлердің келесі түрлері болады:

- а) тартымның бағыты бойынша – еңкейген және тік анкерлер;
- б) ұңғымаларды жасау әдісі бойынша – алып-салмалы құбыры бар бұрғымалы; сазды ертінді астындағы; алып-салмалы құбыры бар қағылмалы немесе батырылмалы;
- в) анкердің түбірін орнату бойынша – инъекциялы анкер (түбір цементті ертінді аз қысым арқасында толтырылған); бұрғыланған және цилиндрлі анкерлер (ұңғыма цементті ертінді жеткілікті қысым арқасында толтырылған);
- г) анкерлі тартымның материалы бойынша – стержень арматуралы және арқанды арматуралы анкерлер;
- д) қызмет ету мерзімі бойынша – уақытша анкерлер (2 жылға дейін жоспарланған мерзім бойынша) және тұрақты анкерлер (2 жылдан көп жоспарланған мерзім бойынша);
- е) алдын-ала созу бойынша – алдын-ала кернеуленген активті анкерлер (тартым анкер басына алдын-ала жұмыс жүктемесінің 30% көп созылып тартылған) және алдын-ала кернеуленбеген пассивті анкерлер;
- ж) түбірдегі қатайған материалға анкерлік тартымды қосу әдісі бойынша – түбірде монолиттенген тартымды анкерлер (тип I) және түбірде бос тартымды анкерлер (тип II);

з) қолдану саласы бойынша әртүрлі топырақтарда, тек әлсіз саздарда, ісінгіш, шөккіш, органо-минералдық және минералды топырақтарда емес;

и) функционалдық қызметі бойынша, іргелі ғимараттарды ұстау үшін, қазаңшұңқырлар немесе тоннельдер төзімділігін қамтамассыз ету үшін, көтергіштік топырақ немесе тасты массивке түсетін созылмалы күшті беру арқылы құрылысты көтеру үшін.

6.2 Топырақтық анкерлердің конструкциялары

6.2.1 Стерженді арматуралы уақытша анкер

6.2.1.1 Сырықты арматуралы уақытша анкер (2-сурет) тартымнан 2, изолирленген пластмасты жапсардан 3, басынан 1, түбірден 4, фиксатордан 6 және өкшеден 5 тұрады.


6.2.1.2 Анкердің тартымы беріктігі жоғары винтті профильденген болат стерженнен ді жасалынуы керек немесе 9.2 п. сәйкес тарту беріктігі жоғары стержень арматурасының классы St240, St400 болуы тиіс.

6.2.1.3 Конструкцияға анкерді қатайту үшін гайкалар, шайбалар және болаттан құйылған тірек тақталары 9.3 және 9.4 п. талаптарына сәйкес қолданылады.

6.2.1.4 Стерженді арматурадан жасалған тартымдарға 0,5 м ұзындықта беріктікті қамтамассыз ететін материалдан жасалған шпилька дәнекерлейді, оны 9.3 және 9.4 п. талаптарына сәйкес орындайды.

6.2.1.5 тартымның соңына қарай өкшені дәнекерлейді, ол қалыңдығы 10 мм және диаметрі алып-салмалы құбыр диаметрінен 10 мм кіші болып келетін болат дискісінен; дискіге жалғанған қысқыштан; дискіге дәнекерленген қалыңдығы 1-2 мм болатын болат қақпақтан тұрады.

6.2.1.6 Анкердің түбірін "Бауэр" фирмасының әдісі арқылы орындауға болады – цементті ертіндіні ұңғымаға алып-салмалы құбыр арқылы беріп немесе цементті ертіндіні инъекциялы құбыр арқылы, сонымен бірге инъекциясы беруге болады.



1 – басы; 2 – тартым; 3 – изолирленген пластмассты жапсар; 4 – түбір; 5 – өкше; 6 – фиксатор.

2-сурет – Стерженді арматуралы уақытша анкер


6.2.2 Арқанды (өрілген) арматуралы уақытша анкер

6.2.2.1 Арқанды арматуралы уақытша анкер (3-сурет) тартымнан, қайта инъекциялау қажет болса инъекциялық құбырдан; тірек тақтадан тұратын басынан; түбірден, ажыратқыштар мен өкшеден тұрады.

6.2.2.2 Тартым 3-12 жетісімды қанаттан тұрады 15К7.

6.2.2.3 Арматуралық құлыпты кеңістікте толқын тәрізді конструкция етіп, ажыратқыштар және 500-800 мм адымда тартылатын хомуттер көмегімен анкер түбірі шегінде орындаған жөн.

6.2.2.4 Түбір шегіндегі ажыратқыштарды болаттан жасалған ұзындығы 20 мм және қалыңдығы 1-2 мм болатын құбырлардан 9.3 және 9.4 талаптарына сәйкес дайындаған жөн. Ажыратқыштар тартым арматурасын инъекциялы құбырдан 15 мм дейін алынуын қамтуы керек.



1 – пазасы бар конус; 2 – колодка; 3 – тірек тақта; 4 – қатайтылатын конструкция; 5 – изолирленген жапсар; 6 – тартым; 7 – құлып; 8 – цементті түбір; 9 – созылмалы хомут (сым); 10 – ажыратқыштар; 11 – инъекциялы құбыр; 12 – өкше.

3-сурет – Арқанды арматуралы уақытша анкер

6.2.2.5 Колодка мен конусты 9.3 және 9.4 п. талаптарына сәйкес болаттан дайындайды.

6.2.2.6 Анкердің түбірін алып-салмалы құбырлар арқылы цементті ертіндімен толтыру арқылы жасауға болады, қажет болған жағдайда инъекциялық құбыр қолдануға болады, сонымен бірге анкер тасты жыныстарға орнатылатын болса, ұңғыманы цементті ертіндімен толтырып дайындауға болады.

Төрт арқанды тартымы бар инъекциялық анкердің мысалы 4-суретте көрсетілген.

6.2.3 Арқанды арматурадан жасалған тартымы сыртта орналасқан манжетті құбырлы инъекциялы уақытша анкер

6.2.3.1 Анкер (4-сурет) пакері бар 5 манжеттік құбырдан 4, изолирленген жаспсары 3 бар тартымнан 2, құлыптан 6, басынан 1 және ажыратқыштардан 7 тұрады. Цементті ертіндіні инъекциялау үшін инвентарлы инъектор қолданылады (5-сурет).

6.2.3.2 Ішкі диаметрі 32 мм болатын манжеттік құбырды анкер түбірі аймағында болат құбырдан және 9.10.9 п. талаптарына сәйкес анкердің бос аймағында плпстмассада жасауға болады. Манжеттік құбыр ішкі өлшемдері бірдей, тегіс болатын құбырдан тұрады.

6.2.3.3 Манжеттік құбырда кемінде 8-10 мм болатын тегіс жатқан төрт шығыңқы тігістер орнатуға болады. Олардың арақашықтығы 35 мм аспауы тиіс.

6.2.3.4 Манжетті қалыңдығы 3-5 мм эластикалы резинадан жасаған жөн. Еңі 100 мм.

6.2.3.5 Пакердің ұзындығы 1,5-2 м, диаметрі, 1,5-2 ұңғыма диаметріне тең, оны мықты, су өткізетін мата материалынан жасау керек. Пакер аяғын манжеттік құбырға мықтап, дәл орнату қажет. Манжеттік құбырдағы пакердің астына шығыңқы тігістер қоюға болады.

6.2.3.6 Тартымды манжеттік құбырдың айналасында орналасқан арматуралы қанаттардан 15К7 жасауға болады.

6.2.3.7 Құлыпты 6.2.2.3 п. сәйкес түбірдің шегінде орындауға болады.

6.2.3.8 Ажыратқыштарды ұзындығы 20 мм, қалыңдығы 1-2 мм болатын болат құбырлардан, 9.10.9 п. сәйкес манжет шетінен 15-20 мм қашықтықта жататындай етіп орындаған жөн.

6.2.3.9 Изолирленген жапсарларды (анкердің бос ұзындығы шегінде қатайған ертінді үшін) пластмассалық құбырлардан жасаған жөн (9.10.1 п. сәйкес).


Жапсардың төменгі бөлігі ертінді кіріп кетпейтіндей етіліп оқшауланғаны жөн.

6.2.3.10 Инъекциялық құбырды (5-сурет) 9.10.9 п. сәйкес болат құбырынан жасаған жөн, ол қысымға 10 МПа болып есептелінуі қажет, диаметрі 10 мм, аяқ жағы бекітілген болып келеді. Құбырға өздігімен сығылатын тампондар қояды.

6.2.3.11 Анкерді көтергіштік қабілеттілігі жоғары барлық топырақтар үшін жауапты ғимараттарға қолданған жөн, тек ақпа консистенциялы шаң-тозаңды, торфтар мен илдерге қолдануға болмайды.


6.2.4.1 Анкер (6-сурет) тартымнан 15, өкшеден 11, фиксаторы бар 13 тірек құбырдан 12 және муфтадан 16, жапсардан 14, нығыздалған сақинадан 1, құбырдан 2, шайбадан 4, жабық қақпақтан 7, коррозияға қарсы массада 6, тартым арасындаағы бос орынан 15 және тірек құбырдан 12, сонымен бірге полиэтиленді немесе поливинилхлоридті құбыр-жапсардан 14 коррозияға қарсы құраммен толтырылған 8, өкшеден 11, жабық тіректен 19 тұрады. Цементті ертіндіні қорғау үшін өкшеге 11 қысқыш 9 дәнекерленген.

6.2.4.2 Тартымды 15 9.2 п. талаптарына сәйкес дайындау керек және 6.2.1.2 мен 6.2.1.4 п. ескерген жөн.



1 – басы; 2 – тартым; 3 – изолирленген жапсар; 4 – манжеттік құбыр; 5 – пакер; 6 – құлып; 7 – ажыратқыштар.

4-сурет – Арқанды арматурадан жасалған тартымы сыртта орналасқан манжетті құбырлы инъекциялы уақытша анкер



1 – манжеттік құбыр; 2 - тампон; 3 – инъекциялы құбыр; 4 – манжет.

5-сурет – Инвентарлы инъектор


6.2.4 Стержень арматуралы және тірек құбырлы инъекциялы тұрақты анкер

6.2.4.3 Тірек құбырын 12 следует изготавливать из бесшовной стальной трубы диаметрі 76 мм және қабырға қалыңдығы 8-16 мм болатын болат құбырынан 9.10.9 п. сәйкес жасау керек. Тірек құбыр сыртқы жағынан 6 мм адым бойынша кескіңге ие, 1,5-2 мм түрінде трапециялы болып келеді.

6.2.4.4 Өкшені 11 диаметрі тірек құбыры диаметріне тең винтті муфта түрінде жасаған жөн, егер тартым 9.2 п. сәйкес винтті профильден жасалса, өкшені орындауда 9.10.9 п. талаптарын ескеру қажет.

6.2.4.5 Егер тартымның стержень арматурасының классы St240, St400 болып 9.2 п. сәйкес жасалса, онда өкшені қалыңдығы 15-30 мм дискі түрінде 9.10.9 п. сәйкес жасалады. Өкшеге қалыңдығы 1-2 мм болатын болаттан жасалған қақпақ 9.10.9 п. талаптарын ескере отырып, кигізіледі. Өкшені тірек құбырға дәнекерлейді.

6.2.4.6 Тірек құбырының ұзындығы бойынша арақашықтығы 2 м болатын фиксаторлар 13 дәнекерленеді.



1 – нығыздаушы сақина; 2 – болат құбыр; 3 – тірек тақта; 4 – сфералық шайба; 5 – сфералық гайка; 6 – коррозияға қарсы масса; 7 – қорғаныш қақпақ; 8 – коррозияға қарсы құрам; 9 – өкшедегі цементті ертіндіні қорғайтын скоба; 10 – коротыштер; 11 – тірек құбырының аяқ жағына дәнекерленген және тартымды муфтаға жеткізетін өкше; 12 – тірек құбыр; 13 – тірек құбырының ұзындығы бойынша дәнекерленген фиксаторлар; 14 – құбыр-жапсар (полиэтиленді немесе поливинилхлоридті); 15 – тартым; 16 – құбыр-жапсармен қосуға арналған тірек құбырдың үстіңгі жағына дәнекерленген муфта; 17 – өкшеге кигізілетін болат қақпақ; 18 – коррозияға қарсы құрам кіретін тесік; 19 – тесікті жабатын қақпақ.

6-сурет – Стерженді арматуралы және тірек құбырлы тұрақты инъекциялы анкер

6.2.4.7 Муфтаны 16 тірек құбырының 12 үстіңгі жағына қарай дәнекерлейді.

6.2.4.8 Құбыр-жапсарды диаметрі 50-54 мм және қабырға ұзындығы 4-5 мм болатын полиэтиленді немесе поливинилхлоридті құбырдан 14 тартымның 15 бос бөлігінде 9.10.1 п. сәйкес орындаған жөн.

6.2.4.9 Тартым 15 мен тірек құбыры арасындағы 12 ашық жерді, сонымен бірге тартым мен құбыр-жапсардың 14 арасын 9.9 п. сәйкес коррозияға қарсы құраммен толтырамыз. Толтырудың сапасын құбыр-жапсардың үстіңгі беті арқылы бақылайды.

6.2.4.10 Анкердің басын тірек тақта, сфералық тірек шайба және сфералық гайка түрінде жасауға болады.

6.2.4.11 Анкердің басын коррозиядан қорғау үшін тірек шайбамен нығыздалған сақиналы болат құбырды қосу арқылы, оның үстіне құбыр-жапсар кигізіп, оның үстіне қақапақ орнатып, бос орындарды коррозияға қарсы массамен толтыру керек. Коррозияға қарсы масса ретінде 9.10.6 п. сәйкес жақапа май қолданылады.

6.2.4.12 Анкерді алып-салмалы құбыр арқылы түбірді цементтеу немесе қайта инъекция жүргізіп қолданған жөн.

6.2.5 Арқанды арматурадан жасалған тартымы іште орналасқан манжетті құбырлы инъекциялы тұрақты анкер

6.2.5.1 Анкер (7-сурет) басынан, пакері бар манжеттік құбырдан, құбырлы құлыптан және оқшауланған жапсарлы тартымнан тұрады. Цементті ертіндіні құю үшін инвентарлы инъектор қолданылады.

6.2.5.2 Манжеттік құбырды 9 тігіссіз болат құбырлардан (анкердің түбірінде) 9.10.9 п. сәйкес дайындайды. Манжеттік құбырдың барлық ұзындығы бойынша ішкі диаметрі бірдей болуы керек.

6.2.5.3 Тартымды манжеттік құбырдың айналасында орналасқан арматуралы қанаттардан 15K7 жасауға болады.

6.2.5.4 Құбырлы құлыпты ұзындығы 1,0-1,5 м кеңістікте толқын тәрізді конструкция етіп, 9.10.9 п. сәйкес болат құбырдан жасауға болады.

6.2.5.5 Оқшауланған тартымның жапсарын 11 жабысқақ лента тәрізді жасауға болады.

6.2.5.6 Анкердің басын коррозиядан қорғау үшін тірек шайбамен нығыздалған сақиналы болат құбырды қосу арқылы, оның үстіне құбыр-жапсар кигізіп, оның үстіне қақапақ орнатып, бос орындарды коррозияға қарсы массамен толтыру керек. Коррозияға қарсы масса ретінде 9.10.6 п. сәйкес жақапа май қолданылады.

6.2.6 Стержень арматурадан жасалған тартымы іште орналасқан манжетті құбырлы инъекциялы тұрақты анкер


6.2.6.1 Анкер (8-сурет) басынан, пакері бар манжеттік құбырдан, құбырлы құлыптан және оқшауланған жапсарлы тартымнан тұрады. Цементті ертіндіні құю үшін инвентарлы инъектор қолданылады.

6.2.6.2 Манжеттік құбырды 9.10.9, 9.10.1 п. талаптарына сәйкес және 6.2.3.2 и 6.2.3.3 п. бойынша жасау керек.

6.2.6.3 Анкердің тартымын стерженді арматурадан 9.2 п. сәйкес жасайды (6.2.1.2 және 6.2.1.4 қара).


6.2.6.4 Анкердің тартымы барлық ұзындығы бойынша, тек аяқ жағының 1,5 м ұзындығынан басқа, диаметрі 50 мм болатын полиэтиленді немесе поливинилхлоридті құбырдан жасалған оқшаулағыш жапсармен 9.10.1 п. сәйкес қапталады.

Оқшаулағын жапсарты қатайту үшін оның аяқ жағына болат муфта 9.10.9 п. сәйкес дәнекерленеді.



1 – тірек тақта; 2 – колодка; 3 – пазалы пресстелген конус; 4 – қанат арматура; 5 – қоршағыш қақпақ; 6 – коррозияға қарсы масса; 7 – винттер; 8 – конструкциясы толқын тәрізді қанат арматуралы құлып; 9 – манжеттік құбыр; 10 – пакер; 11 – оқшаулағыш жапсар; 12 – тартым; 13 – құбырлы құлып; 14 – патрубок; 15 – ертінді кіретін құбыр.

7-сурет – Арқанды арматурадан жасалған тартымы іште орналасқан манжетті құбырлы инъекциялы тұрақты анкер



1 – манжеттік құбыр; 2 – пакер; 3 – тартымның бос ұзындығы шегіндегі оқшаулағыш жапсар; 4 – муфтаның болат втулкасы; 5 – тартымның болат муфтасы; 6 – стерженді арматурадан жасалған тартым; 7 – өкше.

8-сурет – Арқанды арматурадан жасалған тартымы іште орналасқан манжетті құбырлы инъекциялы тұрақты анкер

7 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІҢ КӨТЕРГІШТІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

7.1 Жалпы жағдайлар

7.1.1 Берілген бөлім топырақтық анкерлерді есептеу кезіндегі жобалық нормаларды сақтау, жобалау, конструкциялау және дайындау негізгі талаптарын қарастырады. Топырақтық анкерлерді жекелеп есептеу үшін EN 1537:1999 сілтеме жасалынады. Топырақтық анкерлерге жалғанатын құрылыс конструкцияларын жобалау және есептеу үшін ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 сілтеу беріледі.

7.1.2 Осы бөлімнің мазмұны созылмалы күштердің көтергіштік топырақ немесе тасты массивіне берілетін тұрақты және уақытша топырақтық анкерлерді есептеуге арналады, мысалы:

- а) іргелі ғимараттарды ұстау үшін;
- б) қазаңшұңқырлар немесе тоннельдер төзімділігін қамтамассыз ету үшін;
- в) құрылысты жүргізу үшін.

7.1.3 Құрылыс сызбаларында келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- а) анкерлік жүйенің барлық элементтері қимасының өлшемдері мен материалдарының сипаттамасы;
- б) күш түсетін ұзындықтың және анкердің бос ұзындығының өлшемдері;
- в) анкердің орналасуы мен еңкейу бұрышы;
- г) анкердің барлық өлшемдері.

7.1.4 Анкерлік жүйенің жобасы мен есептеулері топырақтың геотехникалық өлшемдеріне және анкердің орналасу геометриясына негізделуі тиіс. Егер анкердің орналасуын, олардың арасындағы арақашықтықты немесе еңкейу бұрышын өзгерту қажет болса, онда ұсынылған өзгерістер үшін сынақ жұмыстарын өткізу керек.

7.1.5 Анкерлік жүйенің жобасы мен есептеулері үшін келесі мәліметтер қажет:

- а) анкерлер арқылы түсетін жүктемелер және жобалау кезінде берілген мәлімет болып есептелінген барлық құрылыс конструкцияларына түсетін жүктемелердің шекті мәндері;
- б) жоспарланған мерзім бойынша анкерге түсетін жүктің мәні, яғни статикалық немесе динамикалық жүк;
- в) құрылыс конструкцияларының жоспарланған мерзімі бойынша, оларға анкерді орнатқан кездегі пайда болатын жүктеменің таралуы;
- г) тұрақты төзімділікті қамтамассыз ету үшін анкер мен құрылыс конструкцияларының түйісуі;
- д) анкерлердің істен шығуы кезіндегі пайда болатын жағдайлар.

7.2 Топырақтық анкерлерді есептеудегі негізгі принциптер

7.2.1 Анкерлерді апаттық шектік күйі бойынша жобалау

7.2.1.1 [8.5.1 ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерлерді жобалау.

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

7.2.1.2 [8.5.1(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Жобалық мән $R_{a,d}$ тартуға кедергі R_a шектік күйін қанағаттандыру қажет:

$$P_d \leq R_{a,d}, \quad (7.1)$$

мұнда P_d – анкерге түсетін салмақтың жобалық мәні, 7.2.1.15 сәйкес алынады.

7.2.1.3 [8.5.1(2) ҚР ҚН EN 1997-1] Тартуға кедергінің жобалық мәні анкерлік тартымды сынау арқылы немесе есептеулер бойынша анықталынады.

7.2.1.4 [8.5.2 ҚР ҚН EN 1997-1] Тартуға кедергінің жобалық мәні сынақтар нәтижесі бойынша анықталынған.

7.2.1.5 [8.5.2(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Тартуға кедергінің жобалық мәні келесі өрнек бойынша табылады:

$$R_{a,d} = \frac{R_{a,k}}{\gamma_a}. \quad (7.2)$$

Ескертпе - Жеке коэффициент анкерді тартуға кедергісінің жағымсыз ауытқуларын ескереді

7.2.1.6 [8.5.2(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] (7.2) өрнегінде А.3.3.4 (1)Р келтірілген, коэффициентін қолданады.

Ескертпе - Жеке коэффициенттердің мәні ұлттық қосымшаға сәйкес берілуі мүмкін.

7.2.1.7 [8.5.2(3) ҚР ҚН EN 1997-1] Сипаттамалық мән түзету коэффициентін қолдану арқылы пайдалану жарамдылығын сынау нәтижелеріне сәйкес келуі керек.

Ескертпе - 8.5.2(3) Қабылдау сынақтары кезінде жеке тексерілмейтін анкерлер түріне қатысты. Егер түзету коэффициенті қолданылса, онда оның мәні сынаққа сәйкес немесе ұлттық қосымшамен берілуі тиіс.

7.2.1.8 [8.5.3 ҚР ҚН EN 1997-1] Тартуға кедергінің жобалық мәні есептеулер бойынша анықталынған.

7.2.1.9 [8.5.3(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Тартуға кедергінің жобалық мәні 2.4.7 және 2.4.8 п. (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011) сәйкес анықталынады.

7.2.1.10 [8.5.4 ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерлік тартым кедергісінің жобалық мәні.

7.2.1.11 [8.5.4(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерлік тартымды жобалаған кезде келесі өрнек орындалуы тиіс:

$$R_{a,d} \leq R_{t,d}, \quad (7.3)$$

7.2.1.12 [8.5.4(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерлік тартым материалының кедергісі $R_{t,d}$ ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 және EN 1537:1999 сәйкес анықталыну керек.

7.2.1.13 [8.5.4(3)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Егер анкер жарамдылыққа сыналса, $R_{t,d}$ мәні сынақ нәтижелерін жүкпен ескеру керек (9.5 EN 1537:1999 қара).

7.2.1.14 [8.5.5 ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерге түсетін жүктің жобалық мәні.

7.2.1.15 [8.5.5(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерге түсетін жүктің жобалық мәні P_d іргелі конструкция жобасында келесі мәндерден ең үлкен мән болып белгіленуі керек:

- а) іргелі конструкцияға түсетін және апаттық шекті күйге сәйкес келетін күштер;
- б) іргелі конструкцияға түсетін және қызмет ету шекті күйге сәйкес келетін күштер.

7.2.2 Анкерлерді қызмет ету шектік күйі бойынша жобалау

7.2.2.1 [8.6(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Қызмет ету шекті күй бойынша тексерістерде анкерлерді серпімді пружина деп қарастыру керек.

7.2.2.2 [8.6(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Алдын-ала кернеуленген анкерлер (мысалы, бұрғымалы инъекциялық) үшін пружина алдын-ала кернеуленген серпімді болып қарастырылуы тиіс.

7.2.2.3 [8.6(3) ҚР ҚН EN 1997-1] 8.6(2)Р бойынша жобалық жағдайды есептегенде алдын-ала кернеуленген анкерлердің қаттылығын ең үлкен және ең аз мәніне қатысты таңдау қажет.

7.2.2.4 [8.6(4) ҚР ҚН EN 1997-1] SLS жүк кезінде анкердің кедергісін қамтамасыз ету үшін модельді коэффициент қолданылуы керек.

Ескертпе - Модельді коэффициент мәні ұлттық қосымшамен берілуі мүмкін.

7.2.2.5 [8.6(5) ҚР ҚН EN 1997-1] Серпімді элемент ретінде алдын-ала кернеуленбеген анкерлерді қарастырғанда олардың қаттылығы іргелі конструкциялар мен созылған анкерлердің орын ауыстыруын қамтамасыз етуі керек.

7.2.2.6 [8.6(6) ҚР ҚН EN 1997-1] Алдын-ала кернеуленген анкерлер әсерінен іргетастарда пайда болған әрбір деформацияға көңіл бөлу қажет.

7.3 Топырақтық анкерлерді есептеуге қойылатын талаптар

7.3.1 Шектік күйлерді ескеру

7.3.1.1 Осы Құралдың 5.4 п. сәйкес қарастырылатын шектік күйлердің тізімі құралу керек. Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларын есептеу кезінде қарастырылатын шектік күйлердің ең төмен санын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 сәйкес анықтау қажет.

7.3.1.2 Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларында қосымша келесі шектік күйлер ескерілуі тиіс:

- а) созылмалы жүктің әсерінен анкердің істен шығуы;
- б) тік күштер, анкер басын бұрау немесе коррозия әсерінен анкердің істен шығуы;
- в) анкер басын бұрай берген немесе жылжу, релаксация салдарынан анкерлік күштің жоғалуы;
- г) анкерлік күштің түсуі салдарынан құрылыс конструкциялары бөліктерінің деформацияға ұшырауы немесе істен шығуы.

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

7.3.1.3 Анкерлер бекітілген барлық құрылыс конструкцияларында (осы Құралдың 8 п. қара) жоғары келтірілген шектік күйлер ескерілуі тиіс, себебі олар барлық құрылыс конструкцияларға тиісті.

7.3.2 Әсерлерді, топырақтың геотехникалық сипаттамаларын, геометриялық шамалар мен есептік жағдайларды ескеру

7.3.2.1 Шектік күйлерді есептеуге әсерлерді тандағанда ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 келтірілген әсерлер ескерілуі керек (осы Құралдың 5.5 п. қара).

Ескертпе 1 Анкерді есептеуге қажетті әсерлерді анықтау үшін құрылыс конструкциялары, анкер және құрылыс топырағы арасындағы байланысты анықтауға зерттеу қажет болуы мүмкін. Анкерлік күштер әсерлер ретінде қарастырылады.

Ескертпе 2 Көбінесе анкерлік күштер жағымды әсер береді. Сол септі анкерлік күшке төмен мән береді. Егер анкерлік күш жағымсыз әсер етсе, есептеулер кезінде оған үлкен мән береді.

7.3.2.2 Есептік жағдайлар ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 талатарына және негізгі принциптерге сәйкес таңдалынуы керек (осы Құралдың 5.5 п. қара). Есептік жағдайлар қоршаған орта жағдайын ескере отырып ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 талаптарына сәйкес орындалуы керек. Құрылыс кезінде пайда болатын уақытша есептік жағдайлар ескерілуі тиіс. Құрылыс топырағының өлшемдері мен геометриялық шамаларды анықтауға арналған есептік мәндер ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 талаптарына сәйкес табылады.

Ескертпе - Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкциялары есептік жағдайларын тандаған кезде міндетті түрде топырақ сулары деңгейі мен бу қысымының мәндерін анықтау керек.

7.3.3 Қолданылатын есептеу әдістері

7.3.3.1 Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларды есептеу кезінде құрылыс конструкция түріне қатысты (осы Құралдың 8 п. қара) ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Құрылыс конструкцияларына түсетін анкерлік күштің әсерлерін ескеретін есептеулерді берілген бөлім талаптарына сәйкес жүргізу керек.

7.3.3.2 Жеке анкерді есептеу кезінде келесі нақтыланған мәндер қажет:

- а) ішкі анкер кедергісі;
- б) анкерді тартымға кедергісі;
- в) анкердің төзімділігі мен жарамдылығы;
- г) анкердің бос ұзындығы;
- д) анкерге түсетін күшті анықтау.

7.3.3.3 Анкердің созылмалы элементтеріне аранлған тросттар мен стержендер есептеу ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7.3.3.4 Аркердің тартым кедергісін зерттеу сынақтары нәтижелері, жарамдылыққа сынау бойынша анықтайды (осы Құралдың 11 бөлімін қара).

7.3.3.5 Анкердің бос ұзындығының ең төмен және түсетін күштің мәнін анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларды есептеу арқылы анықтайды.

7.3.3.6 Орнықты күш P_0 анкерлік күш P келесі шартты орындай алатындай етіліп таңдалуы керек:

$$P \leq 0,65P_{tk} , \quad (7.4)$$

мұнда P_{tk} – созылмалы элементтің бұзушы күші.

7.3.3.7 Орнықты күш келесі шартты орындау қажет:

$$P_0 \leq 0,60P_{tk} , \quad (7.5)$$

7.3.4 Көтергіштік қабілеттіліктің шектік күйлерін нақтылау

7.3.4.1 Әсерлер мен негізгі есептік жағдайлардың жобалық мәндері құрылыс конструкциясына бекітілген әр анкер үшін көтергіштік қабілеттілігінің шектік күйі арқылы нақтылануы керек, 7.3.2 п. сәйкес орнатылуы тиіс. Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларға әсер ететін барлық шектік күйлер ескерілуі керек.

7.3.4.2 Егер құрылыс конструкциясы қатты элемент ретінде қарастырылса және де статикалық тепе-теңдік пен орын ауыстыру шектік күй ретінде зерттелсе, онда келесі шарт орындалуы керек:

$$E_{dst;d} \leq E_{stb;d} , \quad (7.6)$$

мұнда $E_{dst;d}$ – тұрақтанатын әсерлер нәтижелерінің жобалық мәні;

$E_{stb;d}$ - тұрақтанған әсерлер нәтижелерінің жобалық мәні.

7.3.4.3 Егер шектік күй ретінде анкер немесе қосынды деформацияланса не бұзылса, келесі шарт орындалуы қажет:

$$E_d \leq R_d , \quad (7.7)$$

мұнда E_d – әсерлер нәтижесінің жобалық мәні, мысалы анкерлік күш;

R_d – әсерлерге кедергінің (көтергіштік қабілеттілігінің) жобалық мәні, мұнда жобалық мәнге сәйкес барлық құрылыс конструкцияларының сипаттамалары кіреді.

7.3.4.4 Тұрақтанған әсерлердің $E_{stb;d}$ жобалық мәні мен құрылыс конструкциясына бекітілген анкер кедергісінің мәнін құрылыс топырағының ығысуға беріктігін ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 сәйкес есептеп, оның жобалық мәнін қолдану арқылы анықтау керек.

7.3.4.5 Әртүрлі материалдар беріктігінің жобалық мәндерін анықтау үшін есептеулерге деформациялар сипаттамасы қабылдануы керек.

7.3.4.6 Құрылыс топырағының ығысуға беріктігін анықтау кезінде шектік күйлердің үстіңгі және астыңғы аралықтағы жағымсыз мәнін таңдау арқылы жүргізіледі.

7.3.4.7 Анкер кедергісінің жобалық мәні R_d қарастырылып отырған шекті күйдегі анкерге түсетін күштің түріне қарай анықталынады.

7.3.4.8 Егер анкерге тек созылу күші ғана түссе, онда анкер кедергісінің R_d жобалық мәні келесі түрде анықталынады:

$$R_d = \frac{R_k}{\gamma_R}, \quad (7.8)$$

мұнда R_k – ең кіші мәнге ие анкердің ішкі кедергісі немесе ең кіші мәнге ие анкерді тарту кедергісіптеу кезінде ең төмен мәнді қолданған жөн;

γ_R – анкер кедергісі үшін жеке коэффициент, ол келесі әсерлерді ескереді: 1) топырақ массиві аймағындағы құрылыс топырағының вариациялық сипатын; 2) анкерлік жүйенің вариациялық өлшемдері мен құрылыс материалдарының сипатын; 3) анкерлік жұмыстарды өткізу кезіндегі вариацияларды.

7.3.4.9 Егер қарастырылып отырған шекті жағдайда анкерге тек созылмалы қабат ғана түспей, сонымен бірге тік күштер түссе, онда анкер кедергісінің R_d жобалық мәнін келесі түрде анықтаймыз:

$$R_d = \gamma_q \cdot P_0, \quad (7.9)$$

мұнда γ_q – анкер күшінің коэффициенті;

P_0 – орнатылатын күш.


7.3.4.10 Анкер күшінің коэффициенті γ_q анкерді орнату кезінде анкер күшінің өзгеруі мен келесі жағдайлардың пайда болу себебінен қарастырылып отырған шекті жағдайды ескереді:

- а) созылмалы элементтің релаксациясы;
- б) пресстелген элементтің жылжуы;
- в) анкер басы аймағында құрылыс конструкциясының жылжуы;
- г) шекті күй пайда болудың алдында құрылыс конструкциясының жылжуын қатты элемент ретінде қарастыру.

7.3.4.11 Анкер күшінің коэффициенті γ_q келесі шекте ауытқып отырады $0,8 \leq \gamma_q \leq 1,1$; үлкен мәндерге де ие болуы мүмкін.

7.3.4.12 Барлық анкерлер үшін анкер кедергісінің беріктік коэффициенті $\gamma_R \geq 1,35$ тең болуы керек.

Ескертпе - 9.а және 9.б-суреттерінде шекті күйлердің мысалдары көрсетілген. 9.а-сурет анкердің есептік кедергісінің мәні анкерлік күбебi анкер құрылыс конструкциясы жылжығанан кейін ғана тартылады.



9-сурет – Анкерді тарту кезінде көтергіштік қабілеттіліктің шекті күйлері мысалдары

7.3.5 Анкердің сипаттамалық кедергісі

7.3.5.1 Анкердің ішкі кедергісі R_{ik} созылмалы элементтің бұзушы күшіне P_{tk} тең:

$$R_{ik} = P_{tk} = A_t \cdot f_{tk} , \quad (7.10)$$

мұнда A_t – созылмалы элемент қимасының ауданы;

f_{tk} – созылмалы элементтің созылуға беріктігі.

7.3.5.1 Толығымен есептеулер, анкерді дайындау және оны орнату технологиясы анкер басының көтергіштік қабілеттілігі анкердің ішкі кедергісіне P_{tk} тең немесе одан көп болып келетінің көрсетеді (осы Құралдың 9.3 п. қара).

7.3.6 Анкердің тартылуының сипаттамалық кедергісі

7.3.6.1 Анкерді тарту кедергісі R_a құрылыс топырағындағы пресстелеген элементтің кедергісі болып табылады. R_a пресстелеген элементтің жылжуына әсер ететін күшке сәйкес келеді.

7.3.6.2 Анкерді тарту ішкі кедергісі R_{ak} анкерді тарту кедергісінен R_a алынады, олар EN 1537:1999 сәйкес сынақ нәтижелері арқылы анықталынады (9 бөлімді қара).

Ескертпе - R_a күш ретінде анықталады, жылжу шамасы k_s , α немесе күштің түсу шамасы k_1 көмегімен анықталынады (Қосымша Е EN 1537:1999).

7.3.6.3 Егер тартудың ішкі кедергісі R_{ak} зерттеу сынақтары кезінде өлшеу арқылы анықталса, онда R_{ak} мәні R_a мәнінен көп болуы керек.

Ескертпе - Егер өлшенген R_a мәнінен R_{ak} үшін үлкен мән қолданылса, онда ол түсіндірілуі тиіс. Берілген түсінікті дәлеледеу үшін қосымша зерттеу сынақтары жүргізілуі тиіс.

7.3.6.4 Тартудың ішкі кедергісін анкердің ішкі кедергісіне тең немесе одан үлкен етіп тандау керек:

$$R_{ak} \geq R_{tk} . \quad (7.11)$$

7.3.7 Қолдануға жарамдылық жағдайының шектік күйлерін нақтылау

7.3.7.1 Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларын қолдануға жарамдылығының шекті күйлерін 7.3.2 п. сәйкес анықтау үшін әсерлер, топырақтың геотехникалық шамалары мен геометриялық өлшемдерді қолдану арқылы негізгі есептік жағдайларды жүргізу керек. Құрылыс конструкциялары мен топырақтарға жіберілетін жылжулар мен деформацияларының шекті күйлері ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 сәйкес анықталынады. Бұл жағдайда бекітілген құрылыс конструкциясының жылжуға және бұралуға сезімталдығын ескеру қажет.

7.3.7.2 Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларының бұралу мен жылжуын бағалау, сонымен бірге олардың басқа бекітілген конструкцияларға тигізетін әсерлері үшін эмпирикалық салыстырулар жүргізу керек. Бағалау мәліметтері құрылыс процесінде ескерілуі тиіс. Бағаланған жылжулар жіберілетін жылжу мәндерінен асып түспеуін қадағалау қажет.

7.3.7.3 Егер бағаланған жылжу мәні жіберілетін жылжу мәнінен асып түссе, онда есептеулер нақы зерттеу нәтижелері арқылы жүргізілуі керек.

7.3.7.4 Егер бағаланған жылжу мәні жіберілетін жылжу мәнінен 50% асып түссе, онда төменде келтірілген жағдайлар үшін қосымша зерттеулер жүргізілуі керек:

- а) егер жақын жатқан құрылыс конструкциялары жылжуға сезімтал болса;
- б) егер анкермен бекітілген құрылыс конструкциясы лайда немесе жұмсақ сазды топырақта жатса;
- в) егер салыстырмалы эмпирикалық мәліметтер болмаса.

7.3.7.5 Жылжу есептері құрылыс топырағының, анкердің және басқа да құрылыс конструкция бөлшектерінің қаттылығын ескеруі керек.

Ескертпе - Құрылыс конструкцияларының жылжуын есептеуге арналған материалдар өлшемдері белгіленген жылжу моделінде көрсетілуі керек. Құрылыс топырағының, анкердің және басқа да құрылыс конструкция бөлшектерінің қаттылығының қабылданған мәні болатын деформацияға төзімді болуы керек. Қажет болған жағдайда сызықты емес деформация моделін қолдануға болады.

7.3.7.6 Қолдануға жарамдылық шекті күйлер қаңағаттандырылған болған жағдайда анкерлік күштерді ішкі әсерлер немесе алдын-ала кернеуленген эластикалы пружина ретінде қарастыру керек. Егер анкерлік күштер ішкі әсерлер ретінде қарастырылса, онда құрылыс конструкциясын пайдалану мерзімінде ең үлкен, не ең кіші анкерлік күштердің арасынан жағымсыз жағдайларға төзетін, сәйкес келетін анкерлік күшті таңдау қажет.

7.3.7.7 Анкерді сынау кезінде құрылыс конструкциясына түсетін сынақ күшті ескеру керек.

7.3.7.8 Егер анкерді алдын-ала кернеуленген эластикалы пружина ретінде қарастырсақ, онда анкер қаттылығының ең үлкен, не ең кіші мәнінің арасынан жағымсыз комбинацияны ескеру керек.

7.3.7.9 Құрылыс конструкциясының деформациясына әсер ететін алдын-ала кернеуленген анкердегі күш әсерлерін ескеру керек.

7.3.7.10 Анкер басының жылжуы созылмалы күштердің анкерге деген әсерлері жоғырылағанда көрінеді.

7.3.7.11 Анкерлермен бекітілген құрылыс конструкцияларының анкерлік күш шамалары әрқашанда анкерге түсетін сыртқы күштер шамаларынан жоғары болуы керек. Бұл талап көтерілетін анкерлер үшін де орындалуы керек.

7.4 Анкерлерді топырақтың және тартым материалының көтергіштік қабілеттілігі бойынша есептеуге арналған нұсқаулар

7.4.1 Жалпы жағдайлар

7.4.1.1 Топырақтық анкерлерді есептеу және жобалау, сонымен қатар олардың ұзындығын таңдау кезінде келесі талаптар орындалуы керек:

- а) анкердің есептік күші топырақ және тартым материалы бойынша көтергіштік қабілеттілігімен қамтамасыз етілуі керек;
- б) анкер түбірі аймағын топырақтың құлау призмасы артында орнату қажет;
- в) анкер коррозиядан қорғалуы керек;
- г) жұмыс бөлігінде анкер конструкциясы мен қоршаған топырақ арасындағы байланысты қамту қажет;
- д) ғимараттың жалпы төзімділігі анкер жылжуы арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

7.4.2 Анкерлерді топырақтың көтергіштік қабілеттілігі бойынша есептеу

7.4.2.1 Анкер топырақ негізінің көтергіштік қабілеттілігін келесі түрде анықтауға болады:

- а) бұрғымалы цилиндрлі анкер үшін – топырақтың есептік кедергісін ескере іргелі беті бойынша;
- б) бұрғымалы кеңейтілген анкер үшін – топырақтың есептік кедергісін ескере іргелі және мандай беті бойынша;
- в) инъекциялы анкер үшін – топырақтың есептік кедергісін ескере іргелі және мандай беті бойынша.

7.4.2.2 Топырақ бойынша анкердің көтергіштік қабілеттілігін анықтау сияқты анкер тамырының тартуға кедергісінің жобалық мәні $R_{a,d}$ келесі шартты қанағаттандыруы тиіс:

$$R_{a,d} \geq E_d \cdot \gamma_n \quad (7.12)$$

мұнда E_d – есептік жағдайларды ескере отырып анықталған әсерлер нәтижелерінің (анкерге түсетін жұмыс күші) жобалық шамасы;

γ_n – ғимараттың қызметіне байланысты беріктік коэффициенті, ол 1,4 – тұрақты анкерлер; 1,2 – уақытша анкерлер үшін.

7.4.2.3 Ұсынылған Құралда 7.4.2.1 сәйкес топырақтың көтергіштік қабілеттілігін анықтау үшін төрт есептеу әдісі көрсетілген. Бірінші үш әдіс 7.4.2.4, 7.4.2.5, 7.4.2.6 көрсетілген 7.4.2.1 сәйкес топырақ бойынша анкердің көтергіштік қабілеттілігін анықтауға арналған. Бұл жағдайда анкерді жобалау үшін алынған нәтижелердің ең кіші мәнін алу ұсынылады. Төртінші есептеу әдісі 7.4.2.7 келтірілген, оны топырақтық анкер түбірінің қажетті ұзындығын анықтау үшін қолдану керек.

7.4.2.4 Есептеу әдісі 1.

7.4.2.4.1 Топырақ бойынша инъекциялы анкерлердің көтергіштік қабілеттілігін келесі формула бойынша анықтайды:

$$R_{a,d} = \pi \cdot D_k \cdot l_k (1 + \sin \varphi_1) (\sigma_{od} \cdot \operatorname{tg} \varphi_1 + c_1) K_p \cdot \gamma_c, \quad (7.13)$$

мұнда D_k – анкер түбірінің диаметрі;

φ_1 және c_1 – түбірдің ұзындығы бойынша топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы мен ілініс күшінің орташа жобалық мәні;

σ_{od} – анкер түбірінің іргелі бетіндегі топырақтың орташа табиғи кернеуі, ол (7.14) формуласы арқылы анықталынады;

K_p – түбір диаметрі мен скважина диаметрі D_c қатынасына, табиғи кернеуге D_k , анкер түбіріндегі топырақтың деформациялық және беріктік қасиеттеріне байланысты коэффициент, ол (7.15) формуласы арқылы анықталынады;

γ_c – жұмыс жағдайының коэффициенті, құмды топырақтар үшін 0,72, ша-тозаңды топырақтар үшін – 0,64 тең.

7.4.2.4.2 σ_{od} шамасын келесі формула арқылы анықтайды:

$$\sigma_{od} = 0,5(\gamma_l \cdot h_k + g) \left(\xi_o + \sqrt{\cos^2 \omega + \xi_o^2 \sin^2 \omega} \right), \quad (7.14)$$

мұнда γ_l – судың әсерін ескере отырып, топырақтың меншікті салмағының тереңдігі бойынша жобалық орташа мән;

h_k – топырақ бетінен анкер түбіріне дейінгі тереңдік;

ξ_o – табиғи жағдайдағы топырақтың іргелі қысым коэффициенті, құмдар мен құмдақтар үшін 0,43; саздақтар үшін 0,55; саздар үшін 0,72 тең;

g – жер беті және көршілес іргетастар арқасында пайда болған түбір ортасындағы тегіс таралған жүк;

ω – көлденең анкердің еңкею бұрышы.

7.4.2.4.3 K_p шамасын келесі формула бойынша анықтайды:

$$K_p = \left\{ \left[1,01 - \left(\frac{D_c}{D_k} \right)^2 \right] / \left[1,01 - \left(\frac{A_1^2}{1 + A_1^2} \right) \right] \right\}^\theta \quad (7.15)$$

мұнда

$$A_1 = \frac{E_0}{(1 + \nu_0)(\sigma_{od} + c_I \operatorname{ctg} \varphi_I) \sin \varphi_I},$$

$$\theta = \frac{\sin \varphi_I}{(1 + \sin \varphi_I)}$$

E_0 , ν_0 – түбір ұзындығы бойынша орташа деформация модулі және Пуассон коэффициенті.

7.4.2.4.4 D_k шамасын аңқытау үшін D_c/D_k қатынасы табылуы керек, ол 0,9; 0,6 және 0,3 тең болып келеді. Осы мәндер бойынша D_c/D_k және берілген l_k , P_d мәнің формула (7.13) бойынша анықталынады.

D_c/D_k - дан P_d байланыс графигі құрылады. Осы график бойынша D_c/D_k қатынасының мәні табылады, одан D_k мәнің табуға болады.

7.4.2.4.5 манжетті құбыры немесе пакер бар анкерлер үшін ұңғымаға құйылатын цементті ертіндінің қажетті көлемін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$V_1 = 0,5(D_k^2 - d_T^2)(1 + 3,1 \cdot n) \cdot l_k \quad (7.16)$$

мұнда $n = B/C$ – сулы цементті қатынас;

d_T – анкер түбірі аймағындағы тартымның немесе манжеттік құбырдың диаметрі.

Инъекциялы құбыры бар анкерлер үшін:

$$V_2 = 0,5(D_k^2 - d_c^2)(1 + 3,1 \cdot n) \cdot l_k \quad (7.17)$$

7.4.2.4.6 Ұшы бұрғыланған топырақтық анкерлердің көтергіштік қабілеттілігін есептеу келесі формула арқылы жүргізіледі:

$$R_{a,dy} = [D_c \cdot l_k \cdot f_k + (\alpha_1 c_I + \alpha_2 \gamma_I h_k) 0,25(D_y^2 - D_c^2)] \pi \cdot \gamma_{cy} \quad (7.18)$$

мұнда $f_k = \sigma_{oy} \operatorname{tg} \varphi_I + c_I$;

α_1 және α_2 – 7.1 кестесі бойынша анықталынатын коэффициенттер;

D_y – кеңею диаметрі;

γ_{cy} – анкер түбірінің маңдайлы беті бойынша топырақтың жұмыс жағдайы коэффициенті, оның мәні 7.2 кестесі бойынша табылады.

Кесте 7.1 – Өлшемсіз коэффициенттердің α_1 және α_2 мәні

Коэффициенттер	Жұмыс аймағындағы ішкі үйкеліс бұрышының мәні φ , град.								
	23	25	27	29	31	33	35	37	39
α_1	9,5	12,6	17,3	24,4	34,6	48,6	71,3	108,0	163,0
α_2	18,6	24,8	32,8	45,5	64,0	87,6	127,0	185,0	260,0

Кесте 7.2 – γ_{cy} жұмыс жағдайы коэффициентінің мәні

Топырақтар	Жұмыс жағдайы коэффициенті γ_{cy} егер жүк
	тартушы
1. Саздар мен саздақтар	
а) қатты, жартылай қатты және қатты иленгіш	0,7
б) жұмсақ иленгіш	0,7
в) аққыш иленгіш	0,6
2. Құмдар және құмайттар:	
а) ылғалдылығы аз құмдар және қатты құмайттар	0,7
б) ылғалды құмдар және иленгіш құмайттар	0,6
в) суға қаңыққан құмдар және аққыш құмайттар	0,5

Ескертпе - Мысал 1 топырақ негізі бойынша инъекциялы анкерлердің көтергіштік қабілеттілігін анықтау А қосымшасында келтірілген есептеу әдісі 1 көрсетілген.

7.4.2.5 Есептеу әдісі 2.

7.4.2.5.1 Алдын-ала есептеулер үшін анкер топырағының көтергіштік қабілеттілігін топырақ негізі бойынша келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$R_{a,d} = 3,1415 \cdot D_k \cdot l_k \cdot f_k \quad (7.19)$$

мұнда D_k – анкер түбірінің (тамырының) диаметрі, бұрғылау коронка диаметрі бойынша d алынады, ол тасты топырақтар үшін $D_k = d$, ірі кесекті топырақтар үшін $D_k = 2d$, қиыршық тас қосылған ірі және ірілігі орташа топырақтар үшін $D_k = 1,5d$, ұсақ және шанды құмдар, құмайттар, саздақтар және саздар үшін $D_k = 1,4d$;

l_k – анкер түбірінің ұзындығы;

f_k – анкер түбірінің іргелі беті бойынша топырақ негізінің есептік кедергісі, 7.3 кестесі бойынша табылады;

Кесте 7.3 – Анкер түбірінің іргелі беті бойынша топырақ негізінің есептік кедергісі

Топырақ түрі	f_k мәні, кПа
Тасты топырақ	250
Ірі кесекті топырақ	200
Қиыршық тас қосылған ірі және ірілігі орташа топырақтар	150
Ұсақ және шаңды құмдар, құмайттар, саздақтар және саздар	100

Ескертпе - Мысал 2 топырақ негізі бойынша инъекциялы анкерлердің көтергіштік қабілеттілігін анықтау А қосымшасында келтірілген есептеу әдісі 2 көрсетілген.

7.4.2.6 Есептеу әдісі 3.

7.4.2.6.1 Түбірдің іргелі беті бойынша топырақ негізінің көтергіштік қабілеттілігін келесі формула бойынша анықтайды:

$$R_{a,du} = \gamma_c \cdot u \sum \gamma_{cf} \cdot f_i \cdot l_i \quad (7.20)$$

мұнда γ_c - топырақтағы анкердің жұмыс жағдайы коэффициенті, 7.4 кестесі бойынша анықталынады;

γ_{cf} - анкер түбірінің іргелі беті бойынша топырақтың жұмыс жағдайы коэффициенті, құмды топырақтар үшін 0,72, шаңды-сазды топырақтар үшін 0,64;

u – сыртқы периметр, инъекциялық аймақ диаметрі бойынша анықталынады;

f_i - i - ші топырақ қабатының іргелі беті бойынша есептік кедергісі, 7.5 кестесі бойынша табылады;

l_i – топырақтағы анкер ұшының іргелі бетімен түйіскен i - ші топырақ қабатының қалыңдығы.

7.4.2.6.2 Түбірдің маңдайлы беті бойынша топырақ негізінің көтергіштік қабілеттілігін келесі формула бойынша анықтайды:

$$R_{a,ds} = \gamma_c \cdot \gamma_{cy} (A \cdot c + B \cdot \gamma \cdot h_k) F \quad (7.21)$$

мұнда γ_c – топырақтағы анкердің жұмыс жағдайы коэффициенті, 7.4 кестесі бойынша анықталынады;

γ_{cy} – түбірдің маңдайлы беті бойынша анкер түбірінің жұмыс жағдайы коэффициенті, 7.2 кестесі бойынша анықталынады;

A, B – өлшемсіз коэффициенттер, 7.6-кесте бойынша анықталынады;

c – анкердің жұмыс аймағындағы сазды және құмды топырақтар үшін ілініс күштің жобалық мәні;

γ – топырақтың меншікті салмағы;

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

h_k – топырақ бетінен анкер түбірінің (кеңеюінің) ортасынан салу тереңдігі, ал алаңды жоспарлау кезінде – жоспарлық белгіден бастап (құмдар мен сазды топырақтар үшін $4d$, тығыздалған құмдар үшін – не менее $8d$ деп салу терндік мәндері табылады);

F – тартым қимасын алып тастағандағы кеңеюдің жұмыс ауданы (түбірдің маңдайлы беті).

7.4.2.6.3 Инъекциялы анкер жұмыс бөлігінің есептік радиусын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$R = \sqrt{\left[(1 + a) \cdot V / (a \cdot \pi \cdot l_e) \right]}, \quad (7.22)$$

мұнда V – құйылған ертінді көлемі, m^3 ;

e – топырақтың кеуектілік коэффициенті;

l_k – анкер түбірінің (тамырының) ұзындығы, м.

Кесте 7.4 – Жұмыс жағдайы коэффициентінің m мәні

Анкер түрі	Коэффициент m			
	құм	құмайт	саздақ	саз
Цилиндрлі, соның ішінде кеңейтілген.....	0,6	0,5	0,5	0,5
Инъекциялы.....	1	1	1	-

Кесте 7.5 – Анкер ұшының іргелік беті бойынша есептік кедергісі

Топырақ қабатының орташа тереңдігі, м	Анкер ұшының іргелік беті бойынша есептік кедергісі f_i , кПа (тс/м ²)								
	Тығыздығы орташа құмды топырақтар үшін								
	Ірі және ірілігі орташа	Ұсақ	Шаң-тозаңды	—	—	—	—	—	—
	Шаң-тозаңды сазды топырақтардың аққыштық көрсеткіші I_L , тең болса								
	0,2	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8	0,9	1,0
1	35 (3,5)	23 (2,3)	15 (1,5)	12 (1,2)	8 (0,8)	4 (0,4)	4 (0,4)	3 (0,3)	2 (0,2)
2	42 (4,2)	30 (3,0)	21 (2,1)	17 (1,7)	12 (1,2)	7 (0,7)	5 (0,5)	4 (0,4)	4 (0,4)
3	48 (4,8)	35 (3,5)	25 (2,5)	20 (2,0)	14 (1,4)	8 (0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)	5 (0,5)
4	53 (5,3)	38 (3,8)	27 (2,7)	22 (2,2)	16 (1,6)	9 (0,9)	8 (0,8)	7 (0,7)	5 (0,5)
5	56 (5,6)	40 (4,0)	29 (2,9)	24 (2,4)	17 (1,7)	10 (1,0)	8 (0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)
6	58 (5,8)	42 (4,2)	31 (3,1)	25 (2,5)	18 (1,8)	10 (1,0)	8 (0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)
8	62 (6,2)	44 (4,4)	33 (3,3)	26 (2,6)	19 (1,9)	10 (1,0)	8 (0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)
10	65 (6,5)	46 (4,6)	34 (3,4)	27 (2,7)	19 (1,9)	10 (1,0)	8 (0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)

Кесте 7.5 – Анкер ұшының іргелік беті бойынша есептік кедергісі (жалғасы)

Топырақ қабатының орташа тереңдігі, м	Анкер ұшының іргелік беті бойынша есептік кедергісі f_i , кПа (тс/м ²)								
	Тығыздығы орташа құмды топырақтар үшін								
	Ірі және ірілігі орташа	Ұсақ	Шаң-тозаңды	—	—	—	—	—	—
	Шаң-тозаңды сазды топырақтардың аққыштық көрсеткіші I_L , тең болса								
	0,2	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8	0,9	1,0
15	72 (7,2)	51 (5,1)	38 (3,8)	28 (2,8)	20 (2,0)	11 (1,1)	(0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)
20	79 (7,9)	56 (5,6)	41 (4,1)	30 (3,0)	20 (2,0)	12 (1,2)	(0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)
25	86 (8,6)	61 (6,1)	44 (4,4)	32 (3,2)	20 (2,0)	12 (1,2)	(0,8)	7 (0,7)	6 (0,6)
30	93 (9,3)	66 (6,6)	47 (4,7)	34 (3,4)	21 (2,1)	12 (1,2)	(0,9)	8 (0,8)	7 (0,7)
35	100 (10,0)	70 (7,0)	50 (5,0)	36 (3,6)	22 (2,2)	13 (1,3)	(0,9)	8 (0,8)	7 (0,7)

Кесте 7.6 – А және В коэффициенттерінің мәндері

Жұмыс аймағындағы ішкі үйкеліс бұрышының мәні φ_{II} , град	4	6	8	0	2	4	6	8	0	2	4	6
А	7,1	7,7	8,6	9,6	11,1	13,5	6,8	1,2	6,9	4,4	4,6	9,6
В	2,8	3,3	3,8	4,5	5,5	7,0	9,2	12,2	6,5	2,5	1,0	4,4

Ескертпе - Мысал 3 топырақ негізі бойынша инъекциялы анкерлердің көтергіштік қабілеттілігін анықтау А қосымшасында келтірілген есептеу әдісі 3 көрсетілген.

7.4.2.7 Есептеу әдісі 4.

7.4.2.7.1 Топырақтық анкер түбірінің ұзындығын келесі формула бойынша есептеуге болады:

$$l_b = E_k \gamma_G \gamma_a / \pi (D + a) q_{sk} \quad (7.23)$$

мұнда γ_G - ҚР ҚН 1997-1:2004/2011 А3 кестесі бойынша алынатын жағымсыз әсердің жеке коэффициенті (тұрақты әсерге арналған жеке беріктік коэффициенті), ол 1,35 тең;

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

γ_a - ҚР ҚН 1997-1:2004/2011 А16 кестесі бойынша алынатын анкердің қатаюының кедергісіне арналған жеке коэффициенті (тұрақты әсерге арналған жеке беріктік коэффициенті), ол 1,40 тең;

E_k – әсерлер шамасын сипаттайтын шама;

D – бұрғымалы коронка диаметрі;

α - бұрғымалы коронка диаметрінің ұлғаюы;

q_{sk} - анкер түбірінің іргелі беті бойынша топырақтың есептік кедергісі, 7.3 -кестесі бойынша қабылданады.

Ескертпе - Мысал 6 топырақ негізі бойынша бұрғымалы инъекциялы анкерлердің көтергіштік қабілеттілігін анықтау А қосымшасында келтірілген есептеу әдісі 4 көрсетілген.

7.4.3 Тартым материалы көтергіштік қабілеттілігі бойынша анкерлерді есептеу

7.4.3.1 Анкер тартым материалының беріктігін есептеу. Созылу элементінің қимасының ауданы (анкер тартымының) A_t , келесі шарттарды орындау керек:

а) тұрақты анкерлер үшін

$$A_t = 1,58 E_d / f_{tk}, \quad (7.24)$$

б) уақытша анкерлер үшін

$$A_t = 1,3 E_d / f_{tk}, \quad (7.25)$$

мұнда E_d - есептік жағдайларды ескере отырып анықталған әсерлер нәтижелерінің (анкерге түсетін жұмыс күші) жобалық шамасы;

f_{tk} – созылу элементтің (анкер тартымының) созылуға (аққыштық шегі) беріктік сипаттамасы.

7.4.3.2 Анкер конструкциясын есептеу. Анкерлік тартым материалы үшін беріктігі жоғары сымдар немесе классы St240, St300, St400 болатын болаттан жасалған стерженді арматураларды қолданған жөн. Анкер тартымының есептік кедергісі ретінде болат арматураны құрылыс нормаларына сәйкес беріктікке есептеп, сондағы кедергіні алу қажет.

8 ТОПЫРАҚТЫҚ АНКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САЛЫНАТЫН ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ЖОБАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

8.1 Жалпы жағдайлар

8.1.1 [9.1.1(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Бұл бөлімнің мазмұны тасты және тасты емсе топырағы немесе себінді және суы бар топырақ негізін ұстап тұра алатын конструкцияға арналған. Ұстап тұратын құрылымдар қабырғалар мен ұстам жүйелердің барлық түрлеріне ие.

8.1.2 [9.4.1(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Апаттық және қызмет ету шекті күйлері 2.4.7 және 2.4.8 (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011) ұсыныстарын қолдану арқылы қарастырылуы керек.

8.1.3 [9.4.1(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Қабырғаға таралған қысым мен жүктемелер тік тепе-теңдікті сақтауын қадағалау қажет.

8.1.4 [9.4.1(8)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Іргелі ғимараттарды жобалау барысында келесі факторларды ескеру керек:

- а) қазыңдыларға уақытша тіректер орнатылуы мүмкін;
- б) ғимаратты салуда және топырақты қазу кезінде негіздің табиғи кернеулік жағдайы өзгеріп, жылжуы мүмкін;
- в) бұрғылау және қағу жұмыстары кезінде топырақ негізі бұзылуы мүмкін;
- г) конструкцияларға қол жетім болуды қамту;
- д) тұрғызылған қабырға мәндетті түрде судан оқшаулануы тиіс;
- е) жер асты сулары деңгейін ескере отырып, қабырғаны су өткізбейтін етіп тұрғызу;
- ж) негізге анкерді дұрыс орнату;
- з) іргелі қабырғалар тұрғызу кезінде жер жұмыстары жүргізілуі мүмкін;
- и) қабырғаның тік жүкті қабылдай алуы;
- к) конструктивті элементтердің икемділігі;
- л) іргелі қабырға мен дренажды құрылғыларға техникалық қызмет көрсету;
- м) іргелі қабырға мен анкерлердің сыртқы келбеті;
- н) секциялардың қаттылығы;
- о) ұңғыма қабырғаларының және бетон ертіндісімен толтырылған ашық орлардың төзімділігі;
- п) материалдарды тандау және қабырғаларды бекітетін құрылғыларды орнату осы Құралдың 5.3 п. сәйкес жүргізілуі керек.

8.1.5 [10.1(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Ұсынылған бөлімнің ережелері булы қысым және бу суының сүзілуінен пайда болған топырақты бұзатын төрт модельге арналған, қажет болса келесі тексерулерді жүргізген жөн:

- а) көтерілуден бұзылу (қалқу);
- б) топырақтың көтерілуінен бұзылу;
- в) ішкі эрозия әсерінен бұзылу;
- г) суффозия әсерінен бұзылу.

Ескертпе - Егер ғимарат астындағы су өткізгіштігі төмен топырақ қабатының булы су қысымы үстіңгі топырақ қабаты қысымынан жоғарылап кетсе көтерілу пайда болады.

8.1.6 [11.1(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Берілген бөлімнің ережелері конструкцияларды ұстап тұрған іргетас айналасындағы табиғи немесе себінді топырақтардың төзімділігін бағалауға арналған.

8.1.7 [11.1(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Арнайы конструкциялардың жалпы төзімділігін 6 – 10 бөлімдеріне сәйкес ескеру керек.

8.1.8 [11.4(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Алаңның жалпы төзімділігін және табиғи немесе себінді топырақтың жылжуын 1.5.2.2 (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011) сәйкес тексеру қажет.

ҚР НТҚ 07-01.7-2012

8.1.9 [11.4(2)Р ҚР ҚН ЕН 1997-1] Сонымен қатар салынған, салынатын ғимараттардың жалпы төзімділігі мен топырақтарының жылжуын ескеру керек.

8.1.10 [11.4(4) ҚР ҚН ЕН 1997-1] Жалпы төзімділікке есептеу жүргізетін ғимараттарға, жатады:

- а) іргелі ғимараттар;
- б) қазаңшұңқырлар;
- в) еңкейген, табиғи немесе себінді негізде орнатылған іргетастар;
- г) қазыңдыларға, қазаңшұңқырларға немесе тереңдетілген ғимараттарға жақын орнатылған іргетастар.

Ескертпе - Төзімділікті немесе жылжуға деформацияны бағалау негізінен байланысқан топырақтар үшін жүргізіледі.

8.1.11 [11.4(10) ҚР ҚН ЕН 1997-1] Төзімсіз құламаларды келесі жұмыстарды жүргізу арқылы қатайтуға болады:

- а) анкермен қатайтылған немесе онсыз бетонды жабынды;
- б) габиондар, болат торларын төсеу;
- в) нагельдерді топыраққа қағу;
- г) өсімдік қабатын өсіру;
- д) дренаж жүйесін орнату;
- е) жоғарыда келтірілген шараларды біріктіру.

8.1.12 [11.4(11) ҚР ҚН ЕН 1997-1] жобалау кезінде 8 және 9 бөлімде көрсетілген негізгі талаптар орындалуы керек.

8.2 Топырақтық анкерлерді қолдану арқылы салынатын геотехникалық нысандарды жобалаудың принциптері

8.2.1 [9.7 ҚР ҚН ЕН 1997-1] Іргелі ғимараттарды апаттық шекті күйлері бойынша жобалау.

8.2.2 [9.7.1 ҚР ҚН ЕН 1997-1] Жалпы мағлұматтар.

8.2.3 [9.7.1(1)Р ҚР ҚН ЕН 1997-1] Іргелі ғимараттың жобасын 9.3.3 п. сәйкес жобалық әсерлер мен жобалық кедергілерді қолдану арқылы апаттық шекті күй бойынша тексеру керек.

8.2.4 [9.7.1(2)Р ҚР ҚН ЕН 1997-1] Барлық шекті күйлерді қарастыру керек, іргелі ғимараттарда көп қолданылатын шекті күйлер түрі 10 Суретте көрсетілген.


8.2.5 [9.7.1(3)Р ҚР ҚН ЕН 1997-1] Апаттық шекті күй бойынша есептеулер жобалық әсерлер немесе жобалық беріктік әсерлер нәтижелері немесе кедергілер бойынша 2.4 п. (ҚР ҚН ЕН 1997-1:2004/2011)сәйкес орындалуы керек. Жобалық беріктік немесе кедергілерді бағалаған кезде деформациялардың байланысын қарастыру керек.

8.2.6 [9.7.1(4)Р ҚР ҚН ЕН 1997-1] Топырақтың көтергіштік қабілеттілігін немесе кедергісін бағалау үшін ең жағымсыз жобалық мәндер қолданылуы қажет.

8.2.7 [9.7.1(5) ҚР ҚН ЕН 1997-1] Салыстырмалы жылжу мен конструктивті элементтерге сәйкес топырақтың қысымын ескеретін есептеу әдістерін қолдануға болады.

8.2.8 [9.7.1(6)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Біртекті құмды топырақтар үшін қысқа және ұзақ әсер ететін шамаларды қарастыру керек.

8.2.9 [9.7.1(7)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Суланып кететін қабырғалар үшін гидравликалық зерттеу жасау қажет.



10-сурет – Ұстап тұратын құрылыстың жалпы төзімділікке мысалдары

8.2.10 [9.7.5 ҚР ҚН EN 1997-1] Түбірімен қабырғаның тік бұзылуы.


8.2.11 [9.7.5(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Қабырғаға түсетін топырақтың көтергіштік қабілеттілігі немесе кедергісі және тік жобалық күшін қолдану кезінде тік тепе-теңдік пайда болады.

8.2.12 [9.7.5(2) ҚР ҚН EN 1997-1] 11 Суретінде көрсетілген шекті режимді қарастыру қажет.

8.2.13 [9.7.5(3)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Қабырға төмен түсіп кетсе, есептеулерге жобалық мәндердің жоғары мәндерін алу қажет.

8.2.14 [9.7.5(4)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Топырақ пен қабырға арасындағы жобалық шамалар мен жанама кернеулер тік және айналу тепе-теңдік тексерісіне жауап беруі керек.

8.2.15 [9.7.5(5)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Егер қабырға ғимараттың іргетасы болып табылса, онда тік тепе-теңдік тексерісі 6 бөлім принциптеріне сәйкес жүргізіледі.



11-сурет – Тік бұзылған қабырғаның шекті режим мысалы


8.2.16 [9.7.6 ҚР ҚН EN 1997-1] Іргелі ғимарат конструкцияларын жобалау.

8.2.17 [9.7.6(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Ұстап тұратын конструкцияларды, олардың тірек құрылыс элементтерін, мысалы анкерлер мен тіректерді 2.4п.және ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011, EN 1995 және EN 1996 сәйкес тексеру керек.

8.2.18 [9.7.6(2) ҚР ҚН EN 1997-1] Кем дегенде 12 Суретте көрсетілген шекті күйлерді қарастыру қажет.

8.2.19 [9.7.6(3)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Әр апаттық шекті күй үшін топырақ пен ғимараттың деформациясына қажетті беріктік шамасы төзе алатының көрсету керек.

8.2.20 [9.7.6(4) ҚР ҚН EN 1997-1] ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 – EN 1996 және EN 1999 сәйкес конструктивті элементтерде деформация әсерінен беріктік шамасы төмендейтінің ескеру қажет.



12-сурет – Ұстап тұратын конструкцияларда пайда болған бұзылулардың шекті режимдерінің мысалдары


8.2.21 [9.7.7 ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерді тарту кезіндегі бұзылу.

8.2.22 [9.7.7(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Шекті тепе-теңдік анкерді тартпай-ақ пайда болады.

8.2.23 [9.7.7(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Анкерлер 8 бөлімге сәйкес жобалануы керек.

8.2.24 [9.7.7(3) ҚР ҚН EN 1997-1] Кем дегенде 13 (а, б) Суретте көрсетілген шекті күйлерді ескеру қажет.

8.2.25 [9.7.7(4) ҚР ҚН EN 1997-1] Қатты анкерлер үшін 13 (в) Суретте көрсетілген бұзылу үрдісін ескеру керек.



13-сурет – Анкерлерді тарту арқылы бұзылулардың шекті режим мысалдары

8.2.26 [10.2(1)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Қалқудан бұзылу. Ғимараттың немесе су өткізгіштігі төмен топырақ қабатының қалқуға қарсыластығы судың немесе басқа себептің әсерінен тұрақтанған әсерлер (салмақ немесе іргелі беті бойынша үйкеліс), тұрақты немесе ауыспалы тұрақтанатын әсерлер арқылы тексеріледі. Мысал 14 Суретінде көрсетілген.

8.2.27 [10.2(2)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Жобаны қалқудан бұзылуы бойынша 2.4.7.4 (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011) (2.8) формуласын қолдану арқылы тексеру керек. Формулада (2.8) тұрақтанған әсерлердің тік жобалық шамасы мтопырақ қабаты мен ғимараттың салмағынан жиналуы мүмкін, жобалық кедергі R_d үйкеліс күшінің T_d және анкер күшінің P қосындысы болуы мүмкін. Қалқуға кедергі мен анкерлік күшті тұрақтанған әсер $G_{sb,d}$ ретінде қарастыруға болады. Тұрақтанатын әсердің жобалық тік шамасы $V_{dst,d}$ – ғимаратқа әсер ететін су қысымының, жоғарыға қарай бағытталған басқа күштердің қосындысы болып табылады.


8.2.28 [10.2(3) ҚР ҚН EN 1997-1] Кәдімгі жағдайда (2.8) формуласын толық кернеу мен булы су қысымы арқылы тексеруге болады.

8.2.29 [10.2(4) ҚР ҚН EN 1997-1] Гидростатикалық көтерілу салдарынан бұзылуларды алдын алу үшін келесі шаралар қолданылады:


- а) конструкция салмағын көтеру;
- б) дренаж арқылы ғимарат астындағы су қысымын төмендету;
- в) конструкцияларды анкермен қатайту.

8.2.30 [10.2(5)Р ҚР ҚН EN 1997-1] Көтерілу салдарынан бұзылуларға кедергі жасауға қадалар мен анкерлерді орнатқанда 7.6.3 немесе 8.5 (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011) сәйкес жеке коэффициенттерді қолдану арқылы 2.4.7.4 (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011) көрсетілгендей жобаны тексеру қажет.

а)



б)



а – бос терендетілген конструкцияның гидростатикалық көтерілуі; б) — гидростатикалық көтерілуге қарсы анкермен бекітілген конструкция; 1 — топырақ суларының деңгейі; 2 – су өкізбейтін қабат; 5 — құм; 9 — анкерлік бекіту.

14-сурет – Гидростатикалық көтерілу кезіндегі жағдайлардың мысалы

8.3 Топырақтық анкерлерді қолдану арқылы салынатын геотехникалық нысандардың орнықтылығын есептеуге арналған жалпы нұсқаулар

8.3.1 Анкерлермен бекітілген геотехникалық нысандарды жобалағанда топырақтық анкерлерді есептеулері ғимараттың төзімділігі мен топырақтың көтергіштік қабілеттілігін ескеру арқылы жүргізіледі.

8.3.2 Топырақтық анкерлерді жобалау, соның ішінде олардың ұзындығын тандау үшін келесі талаптар орындалуы тиіс:

е) анкерлер күштерді қабылдай алатындай жеткілікті көтергіштік қабілеттілікке ие болуы керек;

ж) анкер түбірі аймағын топырақтың құлау призмасы артында орнату қажет;

з) анкер коррозиядан қорғалуы керек;

и) жұмыс бөлігінде анкер конструкциясы мен қоршаған топырақ арасындағы байланысты қамту қажет;

к) ғимараттың жалпы төзімділігі анкер жылжуы арқылы қамтамассыз етілуі тиіс.

8.3.3 Анкерді топыраққа орналастыру жағдайын, яғни оның еңкею бұрышын, толық ұзындығын, сонымен қатар бос ұзындығын және түбір шекарасын «ғимарат-топырақ-анкер» жүйесін төзімділікке есептегенде қабылдайды, оны шалқаюға тексергенде «терең сырғанау сызығы» (Кранц әдісі) пайда болады.

8.3.4 «Терең сырғанау сызығы» (Сурет 15) ретінде e нүктесіндегі және түбір ортасынан өтетін c нүктесіндегі түзу сызық.

8.3.5 Шарт бойынша салынған тепе-теңдік призма құрайды $abce$, онда топырақтың салмағы G , біркелкі тараған қысым E_a , реакция күші R_s , анкердің көтергіштік қабілеттілігі P_a және біркелкі таралған топырақтың қысымы E'_a көрсетілген. Бұл көп күштерден тұратын бұрыштама анкердің көтергіштік қабілеттілігінің P_a көлденең проекциясын P_{ax} шешуге мүмкіндік береді, ол бұрыштамада штрих сызықтармен көрсетіліп, келесі формулалар арқылы анықталынады:

$$P_{ax} = f \left[G + g (E_{ax} - E'_{ax}) \right] \quad (8.1)$$

$$f = \frac{1}{[ctg(\varphi - \beta) + tg\omega]} \quad (8.2)$$

$$g = ctg(\varphi - \beta) - tg\delta \quad (8.3)$$

$$G = V \cdot \gamma_{sb} + q + q_1 \quad (8.4)$$


мұнда E_{ax} – топырақ қысымының анкерлейтін ғимаратқа тік проекциясы;

E'_{ax} – солай, тек өтірік анкерлік қабырғаға;

G – анкерлейтін ғимарат пен өтірік анкерлік қабырға арасындағы топырақтың салмағы «терең сырғанау сызығы»;

V – топырақ призмасының $abce$ көлемі;

q_1 – біркелкі таралған жүк, егер $\beta > \varphi$;
 φ – топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы;
 β – «терең сырғанау сызығы» еңкею бұрышы;
 ω – анкердің еңкею бұрышы;
 δ – анкерлейтін ғимарат бетіндегі топырақтың үйкеліс бұрышы;
 γ_{sb} – топырақтың келтірілген меншікті салмағы (сумен бірге өлшенген).



1 – анкердің басы; 2 – анкерлік тартым; 3 – түбір шекарасы; 4 – өтірік анкерлік қабырға; 5 – «терең сырғанау сызығы»; l_a – анкердің толық ұзындығы; l_f – анкердің бос ұзындығы; l_k – түбірдің ұзындығы.

15-сурет – Қоршалған қабырға түрінде «терең сырғанау сызығы» (Кранц әдісі) бойынша ғимараттың жалпы төзімділігін анықтау есептік схемасы

8.3.6 Еңкеюге төзімділікті анықтау үшін төзімділік коэффициентін қолдану керек, ол келесі қатынас арқылы табылады

$$K_y = \frac{P_{ax}}{P_{wx}} \geq \gamma_g \quad (8.5)$$

мұнда γ_g – беріктік коэффициенті;

P_{ax} – анкердің көтергіштік қабілеттілігі бойынша тік проекциясы, Кранц әдісі арқылы анықталынады;

P_{wx} – түбір шекарасындағы анкер күшінің тартуға тік проекциясы, анкерленетін ғимарат жобасы кезінде анықталынады;

8.3.7 Еңкеюге төзімділікті анкерлердің орналасуына байланысты «терең сырғанау сызығы» бойынша тексереді.

9 ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН БҰЙЫМДАРЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Жалпы жағдайлар

9.1.1 Көтергіштік қабілеттілігі мен төзімділігі өткізілген сынақтар бойынша жағымды нәтижелер берген анкерлік жүйелерді қолдану ұсынылады.

9.1.2 Барлық анкерлік жүйелерді, олардың жұмыс қабылеттілігін тексеру үшін жүйелік сынақтан өткізеді. Өткізілген сынақтар нәтижелері құжаттарда тіркелуі тиіс (F Қосымшасы EN 1537:1999).

9.1.3 Нәтижелері құжаттарда тіркелеген жүйелік сынақтар салушының техникалық өкілімен EN 1537:1999 орнатқан принциптерге сәйкес расталуы тиіс.

9.1.4 Анкерлік жүйеде қолданылған барлық құрылыс материалдары мен бұйымдары бір-бірімен байланысты болуы керек. Бұл бір-бірімен байланыста болып тұратын түйісетін конструкцияларға ерекше байланысты. Осы кезде анкерге қолданылған материалдар қасиеттері жоспарланған пайдалану мерзімінде өзгермеуі тиіс.

9.1.5 Топырақтық анкерлер үшін бұрын қолданыста болмаған, не жаңа өңделген немесе жаңа әдіс бойынша салынатын құрылыс материалдары қолданылса, оларды міндетті түрде сынақтан өткізіп, салушының техникалық өкілімен расталған жағдайда ғана қолдану керек.

9.2 Созылмалы элемент

9.2.1 Анкерлік жүйеде қолданылатын барлық болаттан жасалған созылмалы элементтері келесі стандарттарға сәйкес келуі керек:

- құрылыс болаттары ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011. Еврокод 3. Болат конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлім. Ғимараттар үшін жалпы ережелер;
- арматуралық болат ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011. Еврокод 2. Темірбетонды конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлім. Ғимараттар үшін жалпы ережелер;
- кернеуленген арматура EN 10138. Кернеуленген арматура;
- EN 1992-1-5. Еврокод 2. Темірбетоннан және алдын-ала кернеуленген бетоннан жасалған көтергіш конструкцияларды жоспарлау. 5 бөлім. Жалпы ережелер. Кернеуленген байланыспаған элементтері бар көтергіш конструкциялар.

9.2.1 Анкерлік жүйеде қолданылатын созылмалы элементтер басқа құрылыс материалдарынан жасалуы мүмкін, егер анкерлік жүйе үшін олардың жарамдылығы жүйелік сынақтармен дәлелденсе және салушының техникалық өкілімен расталса.

9.3 Анкердің басы

9.3.1 Анкердің басы созылмалы элементті алдын-ала созуға, сынауға және орнатуға, сонымен қатар қажет болған жағдайда босатуға және де қосымша тартуға мүмкіндік беруі керек. Ол созылмалы элемент күшінен P_{tk} асып түсетін жүкке 100% қарсы тұруы тиіс.

9.3.2 Ауытқулары дәлелденген жағдайда анкердің басы ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес болуы керек. Анкердің басы созылмалы элементтің бұрыштық ауытқуы 3° дейін нормаға сәйкес конструкциялануы қажет. Бұл жағдайда созылмалы элементтің бұзушы күшінің P_{tk} төмендеуі 97% дейін жіберіледі.

9.3.3 Анкердің басы негізгі құрылыс конструкцияларының немесе топырақ массивіндегі конструктивті бөлшектерді есептеу және сынақтан өткізуіне байланысты созылмалы элементтен түсетін күшке қарсы тұра алуы керек.

9.3.4 Анкердің басы құрылыс конструкциясының жоспарланған мерзімінде созылмалы элементпен құрылыс конструкциясы арасында туатын деформацияға төзуі керек.

9.4 Қосылыс элементтері

9.4.1 Анкерлік жүйенің біріктіргіш элементтері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес және созылу элементінің созылу беріктігіне кері әсерін келтірмеуі тиіс.

9.4.2 Созылмалы элемент қысқыш ұзындықтың шегінде біріктіргіш элементтермен қосымауы керек.

9.4.3 Болат созылмалы элементтің бос созылуы біріктіргіш элементтерімен бұзылмауы керек.

9.4.4 Біріктіргіш элементтерді коррозиядан қорғау созылмалы элементтің коррозияға қарсы қорғанышы мен келісілуі тиіс.

9.5 Созылмалы элементтің қысылатын ұзындығы

9.5.1 Созылмалы элементті оның қысқыш ұзындығына бекіту үшін профилденген немесе қабырғалы созылу элементтері, болаттан жасалған созылмалы элементтің төменде келтірілген түрлері сияқты тростар қолданылады:

- а) тартылғанан кейін профилденген, суық әдіспен тартылған сым;
- б) ыстық жүргізгенен кейін қабырға пішінің беретін жақсартылған сым;
- в) арматуралық болаттар;
- г) жеті жилалы тростар.

9.5.3 Қабырғалы немесе профилденген сымның салыстырмалы ауданы ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес болуы керек. Бұл жағдайда тегіс бетті немесе ерекше ақауланбаған кернеуленген арматура уақытша анкерлер үшін салушының техникалық өкілі рұқсатымен ғана қолданылады.

9.6 Ұңғымадағы кергіштер мен конструктивті бөлшектер

9.6.1 Барлық салынған болат созылмалы элементтер мен коррозияға қарсы жапсарлар 10 мм цементті ертіндімен жабылуы керек.

9.6.2 Ұңғымада тұрғызылатын әр бөлшек анкерді біріктіретін әсерлерге кедергі келтірмей орналасуы тиіс.

9.6.3 Ұңғымадағы бөлшектер созылу элементпен оның компоненттерінің дұрыс орналасуын қамтамасыз етуі қажет, сонымен қатар ұңғымадағы барлық бөлшектерге коррозияға қарсы қорғаныс талаптары орындалуы керек, ал бос жерлер толығымен пресстеліп цементті ертіндімен жабылуы тиіс.

9.6.4 Ортада орналасатын элементтер пресстеліп құйылатын ертіндіге ешқандай кедергі келтірмеуі тиіс.

9.6.5 Егер тұрақты анкерлердегі бөлшектерді коррозияға қарсы жапсарсыз орнатсақ, онда олардың материалы коррозияға төзімді болуы керек.

9.6.6 Бөлшектерді жобалау барысында ұңғыманғы пішінің ескеру қажет.

9.7 Цемент ертіндісі және қоспалар

9.7.1 Коррозияға қарсы жапсарлар мен арматуралық болатпен түйісетін цементтік ертінділер EN 445; EN 446; EN 447 сәйкес келуі керек.

9.7.2 Коррозияға қарсы жапсар шегіндегі созылмалы элементті жабу немесе салынған болат құбырларын қорғау үшін қолданылатын цементтік ертінді шөгу мен түсуге қарсы сипатқа ие болуы керек.

9.7.3 Ұңғымада коррозияға қарсы жапсарларға қолданылатын пресстеу үшін су мен цемент қатынасы құрылыс топырағына сәйкес қолданылуы керек.

9.7.4 Құрамында сульфиді көп цемент арматуралық болатпен байланыста болмауы керек.

9.7.5 Құрылыс топырағымен байланыста болатын цементті тандау үшін қоршаған массивтегі агрессивті жағдайларды ескеру қажет, мысалы көмір қышқылдар мен сульфаттар, судың су өткізгіштігі. Қоршаған топырақ массивінің агрессивтігін EN 206 талаптарына сәйкес анықтау қажет.

9.7.6 Қосындыларды пресстеуге арналған ертіндінің жарамдылығын, төзімділігін жақсарту, шөгу мен түсу шамаларын төмендету үшін қолданады.

9.7.7 Арматуралық болаттарда қосындыларды қолдану салушының техникалық өкілінің келісімімен жүргізіледі. Қосындылардың арматуралық болат немесе ертіндіні бұзатын субстанциясы болмауы керек. Құрамында 0,1% асатын (массалық үлесі) хлориді, сульфиді немесе нитраттары бар қосындыларды қолдануға болмайды.

9.7.8 Құрылыс топырағындағы пресстелген материалды қысқарту үшін ертіндіге активті емес толтырғыштарды қолдану керек.

9.7.9 Қоспаны тексеру үшін зертханалық және дала сынақтары өткізілуі тиіс қажет болған жағдайда EN 445 талаптарына сәйкес сынақтар жүргізіледі.

9.8 Полимер ертіндісі

9.8.1 Топырақтық анкерлер үшін цементті ертінді орнына қолдану жарамдылығы сынақтар арқылы дәлелденсе, полимерлерді және полимерлі ертінділерді қолдануға болады.

9.8.2 Оның қоспасын тексеру үшін зертханалық және дала зерттеулері жүргізіледі.

9.9 Болаттан жасалған созылмалы элементтер мен кернеуленген болат бөлшектерді коррозиядан қорғау

9.9.1 Уақытша анкер

9.9.1.1 Уақытша анкерлердің болат бөлшектері кем дегенде екі жылға дейін коррозиядан қорғалатын қорғаныспен қамтамасыз етілуі керек. Егер уақытша анкердің немесе агрессивті құрылыс топырағына орнатылған топырақтық анкерінің қолдану мерзімін жоғарылату мүмкін болса, онда анкердің барлық бөлшектері үшін салушының техникалық өкілімен мақұлданған коррозиядан қорғау шараларын алдын-алу керек.

9.9.1.2 Жоғарыда келтірілген принциптерге сәйкес коррозиядан қорғау мысалдары 9.1 кестесінде (EN 1537:1999) сипатталады.

Кесте 9.1 – Уақытша анкерлер үшін коррозиядан қорғау шаралары

Аты	Сипаттамасы
1. Созылмалы элементтің қысқыш ұзындығы	Барлық созылмалы элементтер ұңғыма қабырғасынан 10 мм қалыңдықта цементті ертіндімен жабылуы тиіс. Құрылыс топырағында агрессивтік жағдайлар болса, коррозияға қарсы шараларды күшейткен жөн, мысалы, созылмалы элементтің айналасы бойынша қорғаныс құбырларын орнату.
